

# ОРТА АЗИЯДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

Әр тоқсан сайын шығатын ақпараттық-сараптамалық бюллетень

«Орта Азиядағы адам құқығы мен құқыққорғау білімін БАҚ арқылы қорғау» жобасы

№ 5 шығарылым [ наурыз-сәуір 2010 ]



Еуропалық  
комиссия



Соғыс және бейбітшілікті  
жариялау жқіндегі Институт

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Біздің ақпараттық-сараптамалық бюллетеніміздің кезекті бесінші жарияланымында Сіздердің назарларыңызға жоба қызметі жайындағы жаңалықтар мен Орта Азия елдеріндегі адам құқықтары мәселелерін көтеретін мақалаларды ұсынамыз.

Соңғы екі жыл ішінде бүкіл әлем, оның ішінде Орта Азия да бар, табиғи және қоғамдық құбылыстарға тап болды, олар жер сілкінулері, су тасқындары, вулкан атылуы, революция...

Құламайтындай көрінген Құрманбек Бәкиев режимі ашулы халықтың қысымына шыдамай, тура бес жыл бұрынғыдай, «раушан» төңкерісінің нәтижесінде Асқар Ақаев кеткендегідей құлады. Қырғыз оқиғалары: биліктің Уақышша үкімет қолына көшуі, жаппай толқулар мен Бішкектегі 85 адамның өлімі – жаһандық көлемдегі жаңалықтардың басшысына айналды.

ЕҚЫҰ мен кейбір мемлекеттердің басшыларының қарым-қатынасымен Құрманбек Бәкиев отставка жайлы арыз жазды, бұдан кейін оның Минскіде екені белгілі болды. Ол жерге Бәкиев Лукашенконың шақыртуымен келген болатын. 7 сәуір күні болған билік ауысуы Қырғызстанға не береді деген пікірталас әлі толастаған жоқ. Бұл жолы Қырғызстан қандай билік жүйесін таңдап, елді кім басқарады деген мәселе төңірегінде саяси және геосаяси тартыстар жүріп жатыр.

Алайда халықтың басым көпшілігі үшін ең әуелі жаңа үкіметтің аз уақыт ішінде елде тұрақтылық орнатуы мен заңдылықты қалпына келтіруі маңызды болып тұр.

Осы пайдалы пікірталастардың ішінде кейде ең бастысы ұмыт қалып жатады, ол – маңызды халықаралық құжаттар мен Конституцияның ең әуелгі бетінде жазылған сөздер: адам, оның өмірі және құқығы. Соныдақтан, саяси оқиғалар жайлы ақпарат таратуда біз кәсіби жұмыс стандарттарының шеңбернен шықпай, негізгі адам құқықтарын есте сақтаймыз.

Революция кезінде білім, денсаулық сақтау жүйесі туралы естен шығаруға болады, алайда осы салалар елдің мәдениетін және ішкі қауіпсіздігін қалыптастырады. Сондықтан жобамыздың кезекті блогы сапалы білімге қол жеткізуге арналмақ,

Бюллетень «Орта Азия мемлекеттеріндегі құқықорғау білімі мен адам құқығын қорғау» жобасының аясында,

Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі британдық институт арқылы жүзеге асырылып, Еуро Комиссияның қолдауымен басылды. Орта Азия мемлекеттеріндегі адам құқығын қорғау саласындағы қоғамның ақпаратпен қамтамасыз етуінің деңгейін көтеру жобаның негізгі мақсаттарының бірі болып есептеледі. Бүгінгі күні жоба Қырғызстандағы балалардың білімге қол жеткізу туралы сұрақтарын, Тәжікстандағы өз өзіне қол жұмсаушылықтың көбейіп кетуіне байланысты мәселелердің, Қазақстандағы сөз бостандығына қатысты мәселелерге қатысты диалогтық байланысқа қатысты сұрақтарды шешіп, қамтамасыз етіп отыр. Жобаның келесі бағыты үкіметтік емес ұйымның мүшелерін қоғаммен байланысқа, бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынас құруға және адам құқығына қатысты халықаралық стандарттар мен сол саладағы ұлттық заңнама туралы журналистерге арналған тренингтер өткізеді.

IWPR бүгінгі таңда Еуропада, Ауғанстанда, Иранда, Иракта, Сирияда, Филиппинде, Уганда, Солтүстік Африкада, Зимбабведе, Кавказда және Орта Азия мемлекеттерінде өз қызметін жүзеге асырып келеді. Орта Азиялық аймақта IWPR-дың сәтті қызметі 1999 жылдан бастау алған. Осы уақыт аралығында Институт мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен (ҰЕҰ) және медиа құрылымдармен конструктивті қарым-қатынас орнатты. IWPR алғашқылардың бірі болып жергілікті журналистермен қарым-қатынас құрып, оларға шетелдегі әріптестерімен байланыстарын дамытуға көмектесті.

Уақыт өте келе серіктестік тығыз қарым-қатынастар түріне айналды. Мұндай тәсіл жаңа байланыстардың кеңеюін, идеялардың, білімнің және машықтармен алмасуды қамтамасыз етті. Тілдік тосқауыл мен көзқарастардың әр түрлі болуына қарамастан, [www.iwpr.net](http://www.iwpr.net) сайтында көптеген мақалалар жарық көруі, жемісті жұмыстың қорытындысы болып есептеледі. Осындай жұмыстың арқасында IWPR адам құқығына байланысты, демократия мен басқа да қақтығыс тудыратын тақырыптарды, сұрақтарды баяндауға қатысты едәуір үлесін қосты.

Бюллетеннің әр нөмірінде біз сіздерді жобаның қызметімен, Қазақстандағы, Қырғызстандағы, Тәжікстандағы және Өзбекстандағы адам құқығын бұзуға қатысты әр түрлі жағдайлармен таныстыруға, сонымен қатар, біздің аймақтағы мемлекеттік шынайы жағдайын объективті түрде баяндауға тырысамыз.





## 03 ЖОБА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### 10 ӨЗЕКТІ СҰХБАТ:

1. Нигина Бахриева: Тәжік құқыққорғаушылары азаматтық соғыс туралы тарихи естеліктің себебі бойынша билікпен бұқаралық акциялар арқылы келіссөздерге барғанды қалайды
2. Бернд Рэчел: Түркімен денсаулық саласын зерттеу қара түнекті зерттегенмен бірдей

### 15 ҚАЗАҚСТАН:

Қазақстандағы африкандықтар өмір сүру құқығы үшін күресуде

### 16 ҚЫРҒЫЗСТАН:

1. Қырғызстан билігі басып алушылармен күресуде
2. Көрші мемлекеттер Қырғызстанға қауіппен қарауда
3. АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ / Қырғызстандағы негізгі білім беру жүйесі нарықтық жағдайда өзгертулерді талап етуде

### 23 ТӘЖІКСТАН:

1. АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ / Ажырасудан кейін әйелдер ештеңесіз қалады
2. Тәжікстанда қыздар сабақ жіберуде

### 26 ӨЗБЕКСТАН:

1. Өзбекстанда бала еңбегі бұрынғыдай «дәстүрлі» болып саналып келеді
2. Ресми органдар отбасылық күш көрсету проблемасын жоққа шығарып отыр
3. АҚТҚ-ға қарсы күрескер өз тұжырымдары үшін түрмеде отыр
4. Комментарийлер: БҰҰ-ның адам құқықтары бойынша Комитетінің Өзбекстандағы жағдайды өзгертуге шақыруы шөл даладағы адамның шыққан жан даусына ұқсайды

### 32 ТҮРКІМЕНСТАН:

1. Заңдардың адамшылығы тең дәрежеде болуы тиіс
2. Комментарийлер: Жұмыссыздарды елемей, билік олардың құқығын бұзып отыр



## Интернет-сауаттылық бойынша құқыққорғау-шылар мен журналистерге арналған аймақтық тренинг

*Бішкек, Қырғызстан, 29-31 наурыз*

Аталған тренинг үш елдің: Қазақстан, Қырғызстан және Түркіменстан құқыққорғаушылары мен журналистеріне арнап Қырғыз Республикасындағы Соғыс және бейбітшілікті жариялау жөніндегі Институттың (IWPR) Өкілдігінің ұйымдастыруымен өтті.

Тренингтің негізгі мақсаты ғаламдық тордың белсенді пайдаланушылары ретінде құқыққорғаушылар мен журналистерді Интернетпен жұмыс кезінде кезітетін қауіп-қатерлер мен жеке басқа қатысты және коммерциялық сипаттағы мәліметтерді қорғау әдістемесімен таныстыру болды. Үшкүндік тренинг барысында әр қатысушыға алынған білімді бекіту үшін практикалық тапсырмалар берілді.

Тренер ретінде Нидерландыда тіркелген «Түркіменстанның демократиялық азаматтық одағы» үкіметтік емес ұйымының жетекшісі Вячеслав Мамедов шақырылды. Вячеслав Мамедов осы тақырып бойынша түрлі елдердің белсенділеріне арналған оқыту тренингтерін өткізуде көпжылдық тәжірибеге ие.

Шара қорытындысын шығара келе, Вячеслав Мамедов: «Сіздің электронды хабар алмасуыңыз үшінші адамға белгілі болуы әрқашан да өзекті мәселе болмақ. Ең жаманы, адам бұл туралы еш күмәнданбайды, сондықтан өз мәліметтерін қорғау үшін ешқандай механизмдерді қолданбайды. Мен алынған білімнің болашақта Интернетпен жұмыс барысында сіздерге көмектеседі деп үміттенемін», - деді.

Тренинг қатысушысы, «Zonakz.net» Интернет-газетінің журналисті Владимир Юрицын: «Бұл тренинг Интернет жұмыс жасаудағы менің білім көжигімді айтарлықтай кеңейтті. Практикалық сабақтардың арқасында мен бұрын тек естіп қана көрген дүниелер туралы толық мәлімет ала алдым. Бұл мен жұмыс жасайтын редакция үшін өте пайдалы болмақ», - деп атап өтіп кетті.

Тәжікстанның өкілі адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Бюро заңгері Худоназар Мамадназаров

аталған тренингте «өзі үшін көптеген жаңа дүниелерді ашқанын» айтады.

«Мен бұрын IT-саланы жақсы білетінмін, себебі қоғамдық бірлестіктегі менің қызметім онымен тығыз байланыста болды, бірақ осы жерде мен өз білімнің жеткіліксіз екенін анық білдім. Ірі және жұмысын жаңа бастап келе жатқан қоғамдық бірлестіктерге, құқыққорғаушылар мен журналистерге арналған осындай оқыту шараларын жиі өткізіп тұру керек деп ойлаймын. Бұл Тәжікстанның ҰЕҰ секторына өте маңызды», - дейді Мамадназаров.

Тренинг қатысушылары әсіресе ұсынылған материалды игеруге мүмкіндік берген тренингтік материалдардың қол жетімділігін атап көрсетті. Қырғызстандық «Демократия мен азаматтық қоғам үшін» Коалициясының басшысы Динара Ошураунова: «Бізге тапсырмаларды орындау бойынша кезең-кезеңмен түсіндіретін жетекші құрал берілді, сондықтан үш күн ішінде барлық техникалық тапсырмалар орындалды», - дейді.

Ал қырғызстандық құқыққорғаушы, «Голос свободы» қоғамдық қорының жетекшісі Сардар Багишбеков: «Бәрі түсінікті, пайдалы, анық болды», - деп қосты.

«Мен құқыққорғау ортасында Интернет-ресурстарды сауатты түрде пайдалану мәдениетін қалыптастыру және оны күнделікті жұмыс барысында қолданып отыру керек деген пікірдемін. Құқыққорғаушылардың компьютерлерінде олар қорғайтын адамдар туралы мәлімет болуы мүмкін және ол мәліметтердің жариялануы әрдайым жақсы емес», - деді Багишбеков.

«Ақпарат белсенді түрде пайдаланылатын журналистика және адам құқығы секілді салаларда қара ойлы жандардың қолынан жапа шегі қатері әрқашан болады. Бірнеше күннің ішінде біз қауіпті қалай білуге және Интернетпен жұмысты барынша қалай қауіпсіз етуге байланысты үлкен көлемдегі ақпарат алдық. Мен шаруларымынан қол үзіп шығып, бағалы тәжірибе жинақтағаным өкінбеймін», - деді тренинг қатысушысы, «Mojaraplata.kz» жобасының Қазақстан бойынша веб-менеджері Инесса Шлапак.

Шара қатысушыларының сөздеріне қарағанда IWPR тренингінде алынған ұсыныстар мен білім бұдан арғы Интернетпен жұмыс барысында көмек болмақ. Қазақстан мен Тәжікстан өкілдері осындай тренингтердің өз елдерінде өтуін қалайтын пікірлерін білдірді.

## «Орталық Азиядағы орта білімге қол жеткізу: проблемалар мен перспективалар» аймақтық дөңгелек үстелі.

Душанбе, 16-17 сәуір

БҰҰ-ның Бала Қорының (UNICEF) білім және бірлестік Министрлігі мен Тәжікстан – Бірлестік Қоры ашық қоры Институтының қолдауымен Соғыс және бейбітшілікті жариялау жөніндегі Институт ұйымдастырған форум жұмысына аймақтың 4 елі: Тәжікстан, Қырғызстан, Қазақстан және Өзбекстанның 60-тан астам өкілі қатысты.



Шара барысында қатысушылар негізгі орта білімге қол жеткізудің түрлі аспектілерін қарастырды, бұл салада әр елдің жекелеген ерекшеліктерімен қатар ортақ мәселелері де бар.

«60 млн. астам халқы бар аймақтың бек елінде ортақ мәселелер баршылық, олардың арасында білім мәселесі де бар. Елдердің алдына ортақ міндет тұр, ол - еңбек бөлінісі әлемдік экономикасында орын тауып, тұрақтау, яғни халықты әлемдік стандарттарға сәйкес деңгейдегі сапалы біліммен қамтамасыз ету», - деді қазақстандық парламент депутаты Мұрат Әбенев.

Аймақ елдерінің алдында тұрған тағы бір мәселе (Түркіменстаннан бөлек) білім жүйесін реформалау мен жеке-леп алғанда 12 жылдық білім жүйесіне көшу болып отыр.

«Бүгін көптеген мемлекеттерде білім саласында реформалар жүргізілуде. Тәжікстан да осы бағытта жұмыс жасап жатыр және 2014 жылы 12 жылдық білім жүйесіне көшуді жоспарлап отыр», - деп мәлімдеді Тәжікстан президенті Атақарушы аппаратының білі

және ғылым Бөлімінің жетекшісі Хамидуллохон Факеров.

«Бұл жаңа идея білімге деген жаңа қадам, сондықтан біз бір-бірімізге көмектесіп, қажет болған жағдайда қолдауымыз қажет», - дейді Әбенев.

Қазақ депутаты өз елінің 2001 жылы 12 жылдық білім жүйесіне көшпек болғанын, бірақ әлі бұған парктикалық тұрғыдан жетпеген айтады. «Біздің елде бұл мәселеге біртіндеп, осы реформаға білім құрылымдарын дайындап, барынша тиімді жетістікке қол жеткізу мақсатында келе жатыр», - деп атап кетті ол.

«12 жылдық білім жүйесіне көшу барысында кездесетін проблемалар көп, ол

ең әуелі қаржылық мәселе. Сонымен қатар біз өзге елдердің тәжірибесін зерттеп, өз жолымызда жасап шығардық. Әр елдің реформалар жүргізуде өз ерекше жолы болады», - деді Тәжікстанның білім академиясының Президенті Ирина Каримова. Оның сөзіне қара-

ғанда білім министрлігі қажетті шығындарды есептеп қойған.

Дөңгелек үстел барысында аймақ елдерінің осы саладағы реформаларды жүргізуде түрлі деңгейде келе жатқаны, алайда барлығын білімге қол жеткізуде өз кедергілерінің бар екені айтылды. Аймақтың әр елінде белгілі бір көлемдегі балалардың мектептен тыс қалатындығы айтылды. Мысалы, Тәжікстанда ресми мәліметтерге сәйкес мектеп қамтымаған балалар жалпы оқушылардың 2,5%-ын құраса, Қазақстан мен Өзбекстанда бұл көрсеткіш 0,2%, ал Қырғызстанда 80 мыңға тең.

Аталған елдердің бәрінде қатерлі топты мүмкіндігі шектеулі оқушылар құрайды, олардың үштен бір бөлігі ғана білімге қол жеткізе алып отыр.

Дөңгелек үстел қатысушыларының пікірінше, білімге қол жеткізуде кедергі болатын мәселелердің қатарына, сонымен қатар, өмір сүру деңгейінің төмендігі, кедейшілік, жемқорлық, миграция мен бала еңбегінің түрлі формалары жатады.



Аймақ елдері үшін білім саласындағы тағы бір мәселе балаларды мектепке дейінгі біліммен қамтудың төмен деңгейі болып отыр. Мысалы, «Ашық қоғам» - Тәжікстан бірлестік Қоры Институтының білім бағдарламалары директоры Назар-худо Дастамбуеваның сөзіне қарағанда Тәжікстанда осы саладағы жағдай «апаттық деңгейде» тұр.

«Балалардың тек 7 пайызы ғана мектепке дейінгі білімге қол жеткізу алады, бұл өз кезегінде орта білімнің деңгейіне әсер етпей қоймайды», - дейді ол.

Қазақстандық қатысушылар бұл проблеманың өз елдерінде кезігетінін, республикадағы көрсеткіштің 5 пайызға тең екенін атап көрсетті.

Қырғызстанда жоғарыда аталған проблемалардан бөлек мектептердегі балалардың қауіпсіздігі мәселесі өткір сипатқа ие болып отыр.

«Көптеген оқушылар үшін мектеп білім алуға қауіпсіз және сенімді орын болудан қалған. Оған себеп мектеп рәкеті, соңғы кезде бұл құбылыс барлық жерлерде таралып жатыр», - дейді Қырғызстаннан келген қатысушы, балалардың құқығын қорғау мен мүдделерін алға жылжыту бойынша коммерциялық емес ұйымдар желісінің жоба үйлестірушісі Наталья Воробьева.

Оның сөзіне қарағанда оқушылар бұл мәселемен күнделікті жолығады. Сонымен қатар, күштеп талап ету

жағдайларының ауыр зардаптарға әкеліп соққан оқиғалары да көбейіп кеткен.

Воробьеваның пікіріне қарағанда білі және ішкі істер министрліктері әлгіндей оқиғалардың алдын-алу мақсатында шаралар қолдануда, алайда олар әлі жеткіліксіз.

«Өзбекстанда ресми статистикаға сәйкес сауаттылық деңгейі өте жоғары, алайда сапалы білімге қол жеткізуде және бала еңбегін кеңінен пайдалануда шешімін таппаған мәселелер бар», - дейді осы ел өкілі, тәуелсіз медиа-сарапшы Сергей Наумов.

Тәжікстанның спецификалық проблемаларының бірі қыз балалар санының білім алуға қол жеткізудегі азаюы. «Жоғары білімді әйелдер» ҚБ жетекшісі Гульдяхон Бобосадыкованың сөзіне қарағанда Тәжікстандағы орта мектепті бітірген қыз балалар саны бірнеше себепке байланысты қысқарады, ол: өмір сүру деңгейінің төмендеуі, оқытуға кететін шығынның өсуі және қоғамдағы әйелдің алатын орны жайлы дәстүрлі түсінік.

Дөңгелек үстел нәтижесінде қатысушылар Орталық Азия елдеріндегі білім жағдайын жақсартуға бағытталған әмбебап ұсыныстар даярлады. Дөңгелек үстел қатысушылары осы ұсыныстарды өз әріптестері мен серіктестеріне таратып, өздері де жұмыс барысында жетекшілікке алады деп күтілуде.

### **«Орталық Азиядағы білімге қол жеткізу: проблемалар мен перспективалар» дөңгелек үстелінің қатысушыларының ұсыныстары:**

Дөңгелек үстел қатысушылары, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан мемлекеттік органдар, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері,

Орта білім туралы заңнаманың бүгінгі өмір шындығына сәйкестігін талқылай келе,

ОА барлық елдерінің негізгі білім сапасына байланысты алаңдаушылығын білдіріп;

Негізгі білімге қол жеткізу саласындағы әлеуметтік-экономикалық факторлардың жағымсыз әсерін зерттеп;

Бұқаралық ақпарат құралдарының білім мәселелін шешудегі осы сала жайлы ақпарат таратудағы маңызын мойындай отырып

Келесі ұсыныстарды қабылдады:

### **ҚАЗАҚСТАН, ҚЫРҒЫЗСТАН, ТӘЖІКСТАН, ТҮРКІМЕНСТАН ЖӘНЕ ӨЗБЕКСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРЫНА:**

- Балалардың негізгі құқықтарын және мүмкіндіктерін, оның ішінде білім алуға деген құқық та бар, қорғау мақсатында ОА елдерінің парламенттік желісін құру мүмкіндігін қарастыру;
- Әр елде ОА елдері ратификациялаған, жалпы білімге қатысты құжаттардан келіп шығатын халықаралық және аймақтық міндеттердің орындалуына талдау жүргізу, бұл олардың имплементациясы мен орындалу міндетін қамтамасыз ету бағытындағы кемшіліктерді анықтау мақсатында қажет;
- Әр елде жалпы білім саласындағы заңнамаға талдау жүргізу және оны халықаралық стандарттарға сәйкестендіру;
- ҰЕҰ-ды жалпы білім саласындағы заңнаманы жүзеге асыру мониторингіне тарту;
- Жалпы білім жүйесін қаржыландыруға қосымша бюджеттен тыс инвестициялар тарту;
- Жалпы білімде әр адамға қатысты қаржыландыруға көшу мәселесінің тиімділігін және нәтижелілігін зерттеу, аталған схема қабылданған жағдайда әр адамға қатысты қаржыландыруды жүзеге асырудың нақты механизмдерін ойластыру;
- Шалғайдағы таулы және далалық аймақтарды қоса алғанда инклюзивті білім жүйесін енгізу;
- Мигрант-балалардың құқығын қамтамасыз ету, оның ішінде сәйкес нормативті-құқықтық актілерді қабылдау және мигрант-балаларды жалпы білім беретін мекемелер жүйесіне енгізу интеграциясының нақты механизмдерін жасау арқылы жалпы білімге деген қол жеткізу құқығы бар;



- Мүмкіндігі шектеулі балаларға жағдай жасау, ол: ғимараттардың, құрылымдардың, коммуникация құралдарының техникалық жабдықталуы; архитектуралық кедергілерді жою; сонымен қатар оларды оқытуға байланысты әдістемелік құралдарды жасау;
- Мүгедектер құқығына байланысты Конвенцияны ратификациялау, ол мемлекетті мүмкіндігі шектеулі жандарға арнап барлық жағдайды жасауды міндеттейді, оның ішінде жалпы білім алуға деген құқық та бар;
- Мектеп бағдарламасын жалпы білім беру жүйесіндегі қандай бір болмасын, оның ішінде қыз балалардың білім алуға деген мүмкіндігінің шектелуі бар, дискриминацияны шеттету мақсатында қайта қарау, қыз балалардың мектептен тыс қалу деңгейін төмендету және ер мен әйел рөліне, міндеттеріне қатысты стереотиптерді бұзу мақсатында стратегия жасау;
- Аз ұлттар тілінде сабақ беру үшін мұғалімдер дайындауға күш салу және аз ұлттар тіліндегі оқулықтар санын көбейту. Балаларды мектепке дайындау мақсатында дайындық сыныптарын ашу және мектептегі оқыту тілі туған тіл болып табылмайтын аймақтарда мектепке дейін оқыту мекемелер желісін кеңейту;
- Қалыптан тыс білімнің дамуына және балалардың бос уақытына көңіл бөлу;
- Жалпы білімнің сапасына әсер ететін мазмұндық факторларға талдау жүргізу;
- Бала еңбегін жоюға бағытталған шараларды жалғастыру, әсіресе оның ең жаман дамыған жолдарын білім жүйесін жетілдіру, білім алудағы балалардың жіберген тұстарын тауып, оларды оқытуға жағдай жасау (туу туралы куәлік, 63 форма, тіркеусіз оқуға қабылдау, теңдік сыныптарын ашу); отбасы және еңбек туралы заңды жасы көмелетке толмағандардың еңбегін пайдалану бөлімі бойынша бұзғандарды жауапқа тартуды күшейту;
- Мұғалімдердің қаржылық және материалдық жағдайын олардың сапалы жұмысына қолдау көрсету механизмдерін қайта қарастыру, мұғалімдердің рөлі мен беделін көтеру және жас кадрларды тарту мақсатында талдау жүргізу;
- Мектепке дейінгі білімге қол жеткізуді кеңейту және мектепке дейінгі білімді насихаттау мақсатында шаралар қолдану, әсіресе жағдайы төмен отбасыларына көңіл бөлу, ата-аналардың баланың мектепке дейінгі дамуы мен білімінің маңызына қатысты сауатын көтеру; қалыптан тыс қоғамдық механизмдерге қолдау көрсетіп, мектепке дейінгі баланың жан-жақты дамуына арнап жоспар құру;
- Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқық туралы Халықаралық пактінің Қосымша хаттамасын ратификациялау, ол жеке тұлғаларға экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын халықаралық деңгейде қорғауға мүмкіндік береді;
- Адам құқықтары бойынша ұлттық институттар белсенді түрде білімге қол жеткізуге мониторинг жүргізіп отыру қажет және осы ақпаратты жыл сайынғы есептерге қосып, қоғамды БАҚ арқылы және басқа да жолдар арқылы хабардар етіп отыру керек;
- БАҚ-дағы білім мәселесінің барынша объективті түрде көтерілуін қамтамасыз ету үшін БАҚ-мен әріптестік қарым-қатынасты нығайту, ол: министрліктер мен ведомстволардың баспасөз қызметін дамыту/іске қосу арқылы, сонымен қатар қоғаммен байланыс бойынша жауапты адамдардың жергілікті деңгейде және тұрақты түрде ақпаратты брифингтер, баспасөз мәслихаттары, баспасөз баяндары арқылы ұсынып отыруы қажет;
- ОА елдері білім министрліктерінің жанынан «білім» журналистикасының даму мүмкіндігін қарастыру;

#### ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРҒА:

- Мемлекеттік органдар және халықаралық ұйымдармен ОА елдері ратификациялаған, жалпы білімге қатысты құжаттардан келіп шығатын халықаралық және аймақтық міндеттердің орындалуына олардың имплементациясындағы кемшін кеткен тұстар мен орындалу міндетін қамтамасыз ету бағытындағы кемшіліктерді анықтау мақсатында талдау жүргізуде әріптестік қарым-қатынас орнату;
- Негізгі білім саласындағы білімге оны халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында талдау жүргізуге ат салысу;
- Жалпы білім саласындағы заңнаманың қабылдануы мен орындалуына мониторинг жүргізу;
- Мемлекеттік органдарға қосымша бюджеттен тыс инвестицияларды негізгі білім жүйесін қаржыландыруға тартуда қолдау білдіру;
- Инклюзивті білім беруді енгізуде мемлекеттік органдарға қолдау білдіру;
- Мемлекеттік органдармен бірге қыз балалардың мектептен тыс қалу деңгейін төмендету және ер мен әйел рөліне, міндеттеріне қатысты стереотиптерді бұзу мақсатында стратегия жасау;
- Мемлекеттік құрылымдармен қатар қалыптан тыс білім мекемелері жүйесін дамытуды жалғастыру;
- Мемлекеттік органдарға бала еңбегін жоюда қолдау көрсету, әсіресе оның ең жаман дамыған түрлерін бала еңбегіне мониторинг жүргізу арқылы; сәйкес органдарды бала еңбегінің пайдалануы жайлы хабардар қылу арқылы; білім алуы шектелген балаларды тауып, оларға білім мекемелеріне оралуға көмек көрсету;
- Қоғамды жалпы білім саласындағы мәселелер және жалпы бала құқығын қорғауға байланысты жағдай жайлы хабардар қылып отыру, мұны Әмбебап Шолулар мен БҰҰ-ның адам құқықтары туралы комитетіне ұқсас есептер тапсыру арқылы жүзеге асыру;



- Жалпы білім тақырыбына қоғамның назарын аударту мақсатында пропобандалық кампаниялар мен акциялар ұйымдастыру;
- Журналистерге арнап білім тақырыбына оқыту тренингтерін, семинарлар және басқа да шаралар ұйымдастыру, бұл журналистердің сапалы және объективті түрде мәселе және ОА елдеріндегі білім жүйесінің жетістіктері жайлы ақпарат тарату үшін қажет;
- Білім мекемелеріне тұрақты түрде сапалы жалпы білім алуға деген құқықтың сақталуы бағытында БАҚ белсенді түрде тарта отырып мониторинг жүргізіп отыру;
- типтерді бұзу мақсатында стратегия жасауға қолдау білдіру;
- ОА елдерінің мемлекеттік органдарының және ҰЕҰ-ның бала еңбегін жоюға бағытталған іс-әрекеттеріне қолдау көрсету;
- Білім жүйесін жақсарту мақсатында білім жобаларына бөлінетін қаржыны жекелеп бөлу;
- ҰЕҰ мен БАҚ-ның сапалы жалпы білімге қол жеткізуге, сонымен қатар жобаларды жүзеге асыру және балама есептер ұсынуға қатысуына қолдау білдіру;
- ОА елдерінің мемлекеттік органдары, ҰЕҰ және БАҚ арасындағы қарым-қатынасты біріккен мониторинг жүргізу мен жалпы білім жайлы ақпарат хабар таратуда жақсартуға ат салысу.

#### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРҒА:

- Бала құқығы саласындағы ОА елдерінің парламентаралық желісін құру және іске қосуды қолдау мүмкіндігін қарастыру;
- ОА елдеріне ОА елдері ратификациялаған, жалпы білімге қатысты құжаттардан келіп шығатын халықаралық және аймақтық міндеттердің орындалуына олардың имплементациясындағы кемшін кеткен тұстар мен орындалу міндетін қамтамасыз ету бағытындағы кемшіліктерді анықтау мақсатында талдау жүргізуде қолдау көрсету;
- Негізгі білім саласындағы білімге оны халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында талдау жүргізуге ат салысу;
- Мемлекеттік органдарға қосымша бюджеттен тыс инвестицияларды негізгі білім жүйесін қаржыландыруға тартуда қолдау білдіру;
- Инклюзивті білім беруді енгізуде ОА елдерінің іс-әрекетіне қолдау білдіру;
- қыз балалардың мектептен тыс қалу деңгейін төмендету және ер мен әйел рөліне, міндеттеріне қатысты стерео-

#### БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНА:

- Жалпы білім алуға деген құқықты ескере отырып балалардың құқығы тақырыбының БАҚ бетінде жарық көруіне жүйелі түрде келу;
- Арнайы мамандандырылған («білім») журналистиканың дамуына ат салысу;
- Мүмкіндігі шектеулі балалар, мигрант-балалар және қыз балалардың білімге қол жеткізу мәселесін белсенді түрде көтеріп отыру;
- Жергілікті қауымдастықтарға, оның ішінде ата-аналар бірлестігі, қоғамдық ұйымдар бар, қолдау көрсету бойынша жан-жақты және тұрақты ақпараттық кампанияны жүзеге асырып отыру, оның мақсаты – қауымдасушылықтардың мектеп өміріне белсенді түрде араласуына қолдау білдіру;
- Жалпы білім тақырыбы бойынша БАҚ-да арнайы айдарлар құру;
- Бала құқығына, жалпы білім алуға деген бала құқығына қатысты тақырыптарды көтеруде журналистік этика ережелерін сақтау;

### «Исламдағы адам құқығы мен еркіндігінің осы заманғы әмбебап адам құқығы мен еркіндігіне ара қатынасы» ашық дәрісі

Ош, 17 наурыз

Ош мемлекеттік университетінде саясаттану және ислам зерттеулері докторы Кадыр Маликовтың «Исламдағы адам құқығы мен еркіндігінің осы заманғы әмбебап адам құқығы мен еркіндігіне ара қатынасы» атты ашық дәрісі болып өтті.

Маликов мырза барлық әлемдік діндердің ішінде Ислам мемлекет пен құқыққа барынша жақын тұрған дін деп есептейді. Исламның табиғатына әу баста-ақ қоғам құрудың негіздері қаланған болатын. Бұл өз кезегінде бірінші орында мұсылман құқығы тұрған ислам мемлекетінің құрылуына алып келді.

Жекелеген адам құқығы нормаларының кодификациясы мұсылман құқығында болмаса да, адам құқығы ислам саяси моделінің негізгі бөлігін құрайды. Адам құқығы нормалары Құран, Сүннет, беделді деген құқықтанушылардың бірауызды пікірі (иджма) және балама бойынша пайымдау (кийас) секілді мұсылман құқығы көздерінде кездеседі.

Дәріс тыңдармандарының бірі Айгүл дәрістің өзі үшін өте пайдалы болғанын, себебі исламның өмірінде маңызды рөлге ие екенін айтып кетті. Студент мұсылман құқығы аспектілерінің көбісі тек жекелеп ғана қолданылатынын мойындады.

Тағы бір дәріс тыңдарманы Исламбек Азиз уулы ислам құқық нормалары туралы баяғыдан білетінін айтты. Ол үшін Шарифат, Құран және Сүннетің негізінде адам құқықтары бойынша Ислам декларациясының құрылғаны жаңалық болған. Қазіргі исламның танымалдылығы артып келе жатқан тұста ислам бойынша білікті мамандар даярлау қажеттілігі пайда болуда. Міне, сондықтан да, дәріс қызықты болды дейді Исламбек.

Бұл Еуро Одақ қаржыландыратын «Орталық Азия елдеріндегі адам құқығы мен құқықорғау білімін БАҚ арқылы қорғау» жобасының аясында IWPR Қырғызстанда ұйымдастырып



отырған төртінші ашық дәріс екенін айта кету қажет. Бұған дейінгі дәрістер Ишенбай Абдуразаков, Кадыр Маликов және ЖК депутаты Гульжамал Султаналиева секілді сарапшылардың қатысуымен өтті.

Қадыр Маликов саяаттану және ислам зерттеулері бойынша (Мадрид университеті, арап, ислам және Орта Азия зерттеулері департаменті, Испания) доктор дәрежесіне ие және Иордан ұлттық университетінің Ислам құқығы факультетінде (Иордан Хошимит Патшалығы) оқып, магистр дәрежесін алып шықты. Complutense de Madrid (Испания) университетінің қауіпсіздік және халықаралық байланыстар Орталығының конфликтология бойынша арнайы курсынан өткен. Ислам мәселелері бойынша, көптеген ғылым және сараптамалық мақалалардың авторы.

## **Балалардың негізгі білімге қол жеткізуі бойынша парламенттік тыңдаулар**

*Бішкек, 16 наурыз*

Бішкекте «Білім алуға деген бала құқығы саласындағы Қырғыз Республикасының заңнамасын жүзеге асыру және қадағалау туралы» парламенттік тыңдаулар өтті. Шара ұйымдастырушылары Қырғыз Республикасының Жогорку Кенеші мен Еуро Одақ пен ПРООН, ЮНИСЕФ БҰҰ-ның адам құқықтары бойынша Жоғарғы Комиссариаты, Соғыс және бейбітшілікті жариялау жөніндегі Институт (IWPR) және ЕҚЫҰ болды.

Тыңдаудағы талқылаулар негізгі білім алуға деген баланың конституциялық құқығының қамтамасыздандырылуына арналды.

Өткен жылдың маусымында білім алуға деген бала құқығы саласындағы ҚР заңнамасының жүзеге асырылуы және қадағалануын зерттеу мақсатында Уақытша депутаттық комиссия құрылған болатын, оның құрамына Парламент депутаттары Г. Султаналиева, А. Байбураева, И. Джунусов, Ж. Каниметов, И. Карамушкина, Ж. Рахимидинова кірді.

Парламенттік тыңдауларда комиссияның төрт айлық жұмысының нәтижесі және бүкіл республика бойынша 31 мектептің жағдайына жүргізіліген тексеру анықтамасы ұсынылды. Парла-

менттік тыңдаудан кейін осы тақырыпқа арналған дөңгелек үстелдер сериясы өтті, оны Қырғызстан аймақтарында IWPR ұйымдастырды.

ҚР парламент депутаты, Коммунистер фракциясының мүшесі және білім алуға деген бала құқығы саласындағы ҚР заңнамасының жүзеге асырылуы мен қадағалануын зерттеу бойынша Уақытша комиссияның төрайымы Гульжамал Султаналиева парламентарийлер тегін білім алуға деген баланың конституциялық құқығын сақтауды мақсат қылып қойып отыр.

Халықаралық ұйымдардың статистикасы бойынша 2009 жылы 40 мыңнан астам бала мектепке бармаған. Сарапшылар мұндай жағдайға себепші болып отырған дүниелердің қатарына неғуәлі мемлекеттік қаржыландырудың жетіспеушілігі мен республикадағы оқыту мекемелерінің жетіспеушілігін қосады.

Уақытша депутаттық комиссия парламенттік тыңдауда ұсынылған анықтамада келесі мәліметтерді көрсетеді: ҚР білім саласына арналған бюджеттік шығының үлесі 2010 жылы 7 191 миллион сомды немесе ЖІӨ-нің 3 пайызын құрайды. Ал ресми билік соңғы үш жыл ішінде білім саласын қаржыландыру үшін есе ескенін айтып отыр.

Оқыту мекемелерінің санына келетін болсақ, ҚР білім және ғылым Министрлігінің мектепке дейінгі, мектеп және мектептен тыс білім Басқармасының ақпаратына сәйкес тек астананың өзінде ғана жиырма мектеп жетіспейді, ол ішкі миграцияның есебінен соңғы жылдары Бішкек тұрғындарының санының артуына байланысты болып отыр.

Қырғызстандағы мыңдаған баланың мектептен тыс қалып отыруына себепші болып отырған дүниелердің арасында Уақытша комиссия оқыту мекемесін таңдау құқығы мен жалпыға бірдей қолжетімділік ұстаныдарын бұзатын бірқатар факторларды атап көрсетті. Олардың ішінде кейбір мектептердің мектеп формасын киюді міндеттеуі; көптеген мектептер, әсіресе Бішкек пен Ош мектептері қолданатын заңсыз «кіріспе» емтихандар мен балалардың мектепке түсуіне тестілеу өткізуі бар. Білімге қол жеткізуде кезігетін тағы бір кедергі – мектепке қабылдау кезінде талап етілетін және ҚР «Білім туралы» Заңының 3 бабына қарама-қайшы келетін тірекуде тұру.

Уақытша комиссия кіріспе салықтың алыну фактісін растады (2 500 сомнан 600 долларға дейін), бұл құбылыс

Бішкек, Ош және Чу облыстарының мектептерінде жиі кездеседі. Жалпыға бірдей білім беру мекемелерінің қызметіне алынатын ақы микроучаскелерде тұратын балалардың сабаққа бармауының тағы бір себебі болып отыр. Осылайша, ата-аналар ақысын төлеуге шамалары жететін мектеп іздеуге мәжбүр болады.

Парламенттік тыңдаулардағы талқылау оқыту мекемелерінде ақылы оқыту қызметін ұсынууды, мектептердің жанынан Қамқорлық кеңес құруды, сонымен қатар қаржыландырудың жеке адамға қатысты моделін тәжірибеден өткізіп керуді қозғады.

Парламенттік тыңдаулардың қатысушылары, қоғам өкілдері: атқарушы және заңдық билік органдар, білім құрылымдары және үкіметтік емес ұйымдар өкілдері жоғарыда аталған мәселелер бойынша өз пікірлерін білдірді.

Бірқатар оқыту мекемелерінің өкілдері қазіргі жағдайда мектептер қосымша демеушілік қаржы қарастыруға мәжбүр болып отыр дейді. Бірақ, парламенттік тыңдауларда ҚР вице-премьер-министрі Тажикан Калимбетов айтып кеткендей мектептердің жанынан ата-анаардан түсетін қаржыны жүзеге асыратын Қоғамдық қор құру заңға қайшы келеді, себебі мектеп мемлекеттік мекеме болып есептеледі.

Өз кезегінде парламенттік тыңдауға қатысқан ҚР білім және ғылым министрі Абдылда Мусаев: «Мектептердегі жекелеген заң бұзушылықтардың болуы мүмкін. Бірақ оларды жүйелі сипатқа ие, бүкіл оқыту жүйесіне тән деп беруге болмайды. Біз баланың жалпы білім алуға деген құқығының бұзылмауы үшін оның мектепке қабылданыуы кезінде мектеп жарғысын қайта тіркеуді қарастыруымыз қажет», - деп мәлімдеді.

Сонымен қатар, Мусаев: «Қазір нарықтық жағдайдамыз, социалистік әдістер – тарих, егер коммерциялық білім жүйесіне мүлде тыйым салсақ, онда жалпы білім жүйесін жабу керек», - деді.

Кездесу соңында Гульжамал Султаналиева айтып кеткендей қызығушылық танытқан тараптар Уақытша депутаттық комиссияға негізгі білім алуға деген бала құқығын жақсартуға бағытталған өз ұсыныстарын берулеріне болады. Жақын арада парламентарий тыңдаулардың ұсыныстары Жогорку Кенеш палатасының қаралуына шығарды.





## «Құқықорғау журналистикасы» тренингтері

Душанбе, 12-13 наурыз  
Худжанд, 15-16 наурыз



БАҚ-да құқықорғау тақырыбын көтеру ерекшеліктерін IWPR ұйымдастырған семинарларда 35-тен астам жаңа бас-тап жүрген және тәжірибелі журналистер танып-білді.

Жатықтырушы – қазақстандық MediaNet Халықаралық журналистика орталығының директоры Вячеслав Абрамовтың сөзіне қарағанда құқықорғау журналистикасы бүгінгі күні екі түрге бөлінеді: ақпарат беру – бұл классикалық халықаралық стандарттарға сәйкес, және «санитарлы журналистика» - бұл нақты және анық адал құқықтарының бұзылуының екінші жақтың пікірінсіз (мемлекеттік органдар) берілуі.

Семинар барысында журналистер адам құқығын қорғаудың кейбір механизмдерімен танысты. Осы тақырыпты БАҚ бетінде көтеру барысында кезігетін қателіктерді талдады. Құқықорғау сұхбаты мен журналистік зерттеу жүргізудің қыр-сырын меңгерді.

«Тренинг біз үшін өте пайдалы болды. Бұл тақырыптар біздің қоғам мен журналистер үшін өте қызықты. Әдетте мен үйге қайтып келген соң әріптестерім жаңа не үйренгенімді сұрап жатады. Енді оларға арнап шағын дәріс өткізуге тура келеді», - дейді Хорогтан келген қатысушы Хосият Худоербекова.

Худжанттық семинар қатысушысы Фаррух Ахроровтың сөзіне қарағанда тренинг шын мәнінде өте пайдалы болған.

«Журналистер бәрін білеміз деп ойлайды. Бұл жобаның журналистикаға заңдық тұрғыдан қарайтыны керемет», - дейді ол.

## Ақпаратқа қол жеткізу мәселесі бойынша сарапшылардың фокус-тобы

Алматы, 26 наурыз



Алматыда ақпаратқа қол жеткізу мәселесі бойынша сарапшылардың фокус-тобы өтті, оны ПРООН, IWPR, Қазақстанның Медиа Альянсы және Ұлыбританияның Елшілігі ұйымдастырды.

Шараның мақсаты азаматтардың мемлекеттік органдардан ақпарат алу барысында кездесетін түйткілді мәселелер мен заңнама жетілдіру бойынша ұсыныстар жасап шығару болды.

Шараға ҚР Парламенті депутаттары Жақып Асанов, прокуратура мен өзге де мемлекеттік органдар өкілдері, журналистер, ҰЕҰ, халықаралық ұйымдар басшылары мен сарапшылары қатысты.

Депутат Асановтың пікірінше мемлекеттік органдарға қатаң бақылау жүргізуге көмек бере алатын құрал 2011 жылы қабылдануға жоспарланып отырған «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заң болмақ. Жақып Асановтың сөзіне қарағанда аталған заңды осы жылы-ақ қабылдауға мүмкіндік бар.

Өткізіліп отырған шараның қоғамдық келіссөзді нығайтудағы маңызын ескере отырып ҰЕҰ сарапшылары ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыздандырудағы түйткілді мәселелердің қатарына ақпараттың сапасыздығын және қоғаммен жұмыс жасаушы қызметкерлердің кәсіби деңгейінің төмендігін жатқызып отыр.

Жоспарланып отырған заң жобасына қатысты пікірталас өте белсенді түрде өтті. Сарапшылардың басым бөлігі құжатта бірмағыналық формулировкаларды көрсету маңызды деп көрсетті, себебі ол мемлекеттік органдарға заңнама шектеу қоятын тергеу құпиясы, коммерциялық, мемлекеттік құпия және т. б. шектеулерді бұрыс қолдануға мүмкіндік бермейді.

Әсіресе «жабық қызмет инструкциялары» белсенді түрде талқылауға ие болды, сонымен қатар нормативті-құқықтық актілер секілді ақпараттың ақылы түрде ұсынылуы талқыланды.

Ақпаратқа қол жеткізу саласындағы заңнама жетілдіру бойынша негізгі ұсыныстар ақпаратқа қол жеткізу туралы заңда ыңғайға жығып түсіндіру мүмкіндігінен айыратын шектеулер мен түсінік аппаратын, ақпаратты ұсыну тәртібін реттейтін нақты механизмді және сапасыз ақпараттың, мемлекеттік органдар мен қоғамдық маңызы бар ұйымдардың өзге де әрекеттерінің/әрекетсіздігінің үстінен шағым түсіру механизмін бекіту қажеттілігіне келіп тоқтады.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заң жобасын Қазақстан Парламенті осы жылы қарастырады деп жоспарланып отыр.

## Құқықорғау тақырыбы жайлы ақпарат тарату бойынша журналистерге арналған тренинг

Алматы, 2-3 наурыз

Қазақстандағы IWPR Өкілдігінің тренинг-залында журналистерге арналып құқықорғау тақырыбы жайлы ақпарат тарату бойынша тренинг болды.

Жаттықтырушылар белгілі қазақстандық журналист, адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросының мониторинг редакторы Андрей Гришин мен Қазақстандағы IWPR Өкілдігінің директоры Ольга Досыбиева болды.

Тренинг аясында қатысушылар – олар негізінен жас журналистер, журналистика факультетінің студенттері болды – Қазақстандағы адам құқығы саласындағы негізгі мәселелер, құқықорғау журналистикасының мақсаттары мен міндеттері, оның мамандықтың басқа салаларынан айырмашылығы, артықшылықтары, кемшіліктері, қауіпті тұстары мен кедергілі және құқықорғаушы журналистердің ерекше статусы жайлы танып-білді.

Тренингтің айтарлықтай бөлігі құқықорғау журналистикасының түрлеріне арналды, мысалы, журналистік зерттеу, бұл жанр – «құрып келе жатқан», бірақ саланың «ең биік» түріне жататын жанр.

Жаттықтырушылар сонымен қатар құқықтық аспектіге – заңнаманың халықаралық және жергілікті нормаларына, олардың сәйкестігі мен сәйкессіздігіне үлкен назар аударды.

Қазақстандық заңнаманың қандай нормалары журналистке қарсы және журналистің жағында жұмыс істейтіні мұқият түрде талданды. Бәрімізге белгілі болып отырғандай, соңғыларға қазақстандық құқықтың бұрынна келе жатқан

түйткілді мәселелер – жала жабу бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту, шағым түсірудегі уақыт және сома мөлшеріне шектеудің қойылмауы жатады.

Андрей Гришиннің пікірінше, құқықорғау журналистикасы тек шектеулі БАҚ арасында ғана қажет болғандықтан, ең белсенді деген фрилансерлердің бірін тренинг қатысушыларына ары қарата жұмыс жасау үшін таныстыру керек болды. Соныдақтан тренинг барысында қатысушылар өз қалаулары бойынша құқықорғау материалдарына қызығушылық танытады-ау деген мерзімді баспасөз және онлайн-БАҚ тізімін жасады.

Адам құқығы тақырыбын қозғайтын БАҚ-ның айтарлықтай бөлігін қазақстандық емес БАҚ құрайтындықтан, тренинг барысында өзара үлкен айырмашылыққа ие жергілікті және шет елдік БАҚ-на материал ұсыну әдістері қарастырылды.

Қатысушылар сонымен қатар ақпарат көздері мен ҰЕҰ, мемлекеттік құрылымдар, әріптестер арасындағы сарапшылар түсініктері, оқырмандарға қызықты назар аудартаын тақырып іздеу жолдары туралы білді.

Тренерлер құқықорғау журналистикасының кәсіби этика және қауіпсіздік секілді маңызды тұстарына назар аударып кетті. Журналистерге арналған түрлі акциялар, митингілер, сот процестері және т. б. ақпарат таратуға арналған арнайы интрукциялардың бар екені белгілі.

Сонымен қатар, құқықорғау тақырыбын қалам тартқанда жапа шеккен жақтың зәбрі көрмеуін, жанжалдың эскаляциясына жол бермеу қажет. Осы және басқа да адам құқығы журналистикасының маңызды тұстары тренинг аясындағы жекелеген сессиялардың тақырыбына айналды.

Кейбір қатысушылар үшін тақырып айтарлықтай жаңа болды, көптеген «кәсіби» құпиялар олар үшін жаңалық болып жатты. Тренинг кезінде қатысушылар өз материалдарына арнап жоспарлар құрды.

## ӨЗЕКТІ СҰХБАТ

### НИГИНА БАХРИЕВА: Тәжік құқықорғаушылары азаматтық соғыс туралы тарихи естеліктің себебі бойынша билікпен бұқаралық акциялар арқылы келісөздерге барғанды қалайды

*Белгілі тәжікстандық құқықорғаушы Тәжікстандағы құқықорғау қозғалысының түйткілді мәселелер мен ерекшеліктері жайлы айтады*

**IWPR:** ТМД елдерінің барлығында дерлік құқықорғаушылар ресми БАҚ пен биліктің тарапынан шын мәніндегі қарсылас немесе билікті сынаушылар емес, елеусіз бейнедегі имиджге ие болып келеді. Сіз қалай ойлайсыз, неге ТМД елдерінде құқықорғаушыларды жақтырмайды?

**Нигина Бахриева:** Бұрынғы Кеңестер Одағының қай елі екеніне назар аудар

отырып, бұл мәселеге түрліше келуге болады. Мен құқықорғаушыларға және жалпы құқықорғау қозғалысына ТМД елдерінде барлық жерде бірдей қарайды деп айтпас едім. Мысалы, Ресейде, алғашқы құқықорғаушылар бұрынғы саясаткерлер болды. Олар құқықорғау қызметіне басқаша қарады. Олар демократияға, адам құқығына қатысты негізгі мәселелерді ең әуелі саяси деңгейде жылжытуға тырысты.



Осыған байланысты, Ресейде құқық-қорғау қозғалысының алғашқы құрылу жылдарында саяси іс-әрекеттерді көруге болады. Қазір Ресейдегі құқыққорғаушылар қызметі шектеле түсті, бірақ кәсібилік деңгей артты. Мен оларды үлкен қарсылас бола алмайды деп айта алмас едім. Олар өте маңызды мәлімдемелер ажсайды, адам құқығы саласында зерттеулер жариялап, баға беріп отырады, бірақ мәселе билік мен мемлекеттің осының бәрін қабылдауына байланысты болып отыр.

Украина мен Грузиядағы құқыққорғау қозғалысы жайлы айту қиын, менің ойымша, бұл елдерде құқыққорғаушылар белсенді, бірақ үлкен, шешімін таппаған мәселелер бар.

Қырғызстанда құқыққорғаушылар бұқаралық сипатқа ие. Сондықтан түрлі акциялар: митингтер, пикеттер, қоғамдық пікірталастар айрықша дамыған. Мемлекеттік билік органдарының жанында көптеген топтар бар, ол жерде құқыққорғаушылар өз пікірін қорғауға тырысып бағады.

Кейін мұның бәрі Қырғызстанда адам құқығын қорғауға сотта қорғану, халықаралық сипаттағы механизмдерді қолдану секілді құқықтық тұрғыдан келуді азайтты.

Бірақ, соңғы кезде бұл жағдай белгілі бір қалыпқа түсе бастады. Мысалы, стратегиялық сот ауыртпалығын пайдаланатын менің көптеген әріптестерім заңның бұл елде жұмыс істеуіне үлестерін қосып жатыр. Айтқандай, «қимылсыз» тұрған заңдар – барлық біздің елдерге тән ортақ мәселе.

Біздің Тәжікстанда құқыққорғау тыныш, бейбіт сипатқа ие. Бұл кізгір кезде өзін-өзі ақтап отыр. Тәжікстанда үкіметтік емес сектор дамуының бірнеше сатысы жайлы айтуға болады.

Алғашқы толқын Кеңес Одағының басқа елдеріндегі басталды. Тәуелсіздік алған соң, саяси белсенділік арта бастағаннан кейін елде қоғамдық-саяси қозғалыс түріндегі ұйымдық-құқықтық формаға ие қоғамдық ұйымдар пайда бола бастады.

Бұл кездің қоғамдық бірлестіктер үшін олардың қызметінің саясиленуі сипатқа ие болды. Қоғамдық бірлестіктер қандай да бір елдегі саяси қозғалыстың жағына шығып, билік күреске белсене араласты, антагонистік сипатқа ие бола бастады.

Нәтижесінде, олардың көпшілігі 1992 жылдың соңына қарата жұмысын тоқтатты, ал кейбірінің қызметі тоқтатылды немесе тыйым салынды (жарғыда көрсетілген қызметке қоғамдық бірлестіктің сәйкессіздігіне байланысты).

ҰЕҰ-дың дамуының екінші кезеңі 1992-1997 жылдар болды. Бұл кезеңде үкіметтік емес ұйымдар халықаралық гуманитарлық ұйымдардың қолдауымен құрылды. Осындай ұйымдар қызметінің негізгі түрі – халыққа гуманитарлық көмек көрсетуді тараты, өткір инфекциялық аурулармен күрес (тиф, малярия), тәжік босқындарын қайтару мен ел күштеп жер аударылғандарды қайтару, азаматтық соғыс кезінде із-түссіз кеткендерді іздеу болды.

Осы кезде бұл іс-әрекеттер өз-өзін ақтап отырды, себебі бағдарыс жағдайындағы елде жалғыз міндет аман қалу еді, ал мұндай сәтте адам құқығы жайлы айту артық болды.

Құқыққорғау қызметінің дамуы 200 жылдан бері анық байқалып келеді. Алғашқы құқыққорғау ұйымдары негізінен заңдық көмек көрсету мен білім бағдарламаарын жүзеге асырумен айналысты. Негізінен елде Заңдық қабылдау бөлмелері мен кеңес бері орындары ашылып, жұмыс істей бастады.

Сонымен қатар әйел құқығы, бала құқығы бйыонша ұйымдар тарала бастады. Біздің құқыққорғауға тән сипат көптеген құқыққорғау ұйымдарының халықаралық ұйымдар атынан құрылуы еді. Олар өздігінше жұмыс істей алмады. Тұрақты қаржыланжыру бар кезде, сен үшін ойлап, жобалар жазатын кезеді, ал сен тек атқарушының ғана қызметіне ие тұста болашақ жайлы қандай да бір стратегия ойлап, потенциалды арттыру қиын.

Бұл – елдегі құқыққорғау қозғалысының және жалпы үкіметтік емес сектордың әлсіз тұстарының бірі. Алайда, бірте-бірте кәсіби деңгейі артқан жаңа ұйымдар пайда бола бастады. ҰЕҰ-дың күш-қуатын арттыруға бағытталған көптеген жобалар мен бағдарламалар жүзеге асырылды, оларды жобаны қалай жазу керек, оны жүзеге асыру үшін ақшаны қайдан іздеу керектігі көрсетілді, бірақ жағдайды жүйелі түрде өзгертуді ешкім дұрыс үйреткен жоқ.

Қазір құқыққорғау Тәжікстанда сараптамалық деңгейге шығып келе жатыр. Потенциалдың толықтай дерлік

жоқтығынан айтарлықтай мәселелер бар. Гендер, БАҚ, адам құқығы саласы бойынша сарапшы ретінде сөз сөйлейтін адамдарды саусақпен санауға болады.

Егер сіз бізде өтетін шараларды қарап отырсаңыз белгілі бір адамдардың ғана қатысатынын байқайсыз. Бұл барлық елдерге дерлік тән құбылыс. Сарапшылар тобы аз ғана адамнан тұрады. Бұл бір жағынан жақсы, яғни сарапшылардың белгілі бір тобы бар, бірақ олардың санының артуы өте маңызды, себебі мамандарға қарағанда түйткілді мәселелер әлдеқайда көп.

Донорлық және халықаралық ұйымдар азаматтық қоғамның сараптамалық потенциалын арттыру бойынша бастамалар құру жайлы жиі айта бастады. Біз ылғи да шетелдік кеңесшілерді шақыра бере алмаймыз. Біз өзіміз үйренуіміз қажет: бұл әрі арзан, әрі тиімді, себебі өз сарапшымызға жағдай түсініктірек болады.

Билік жайында келесіні айтуға болады: олар азаматтық қоғаммен қарым-қатынас орнатуға қарсы емес, шараларға қатысады, проблемаларды талқылайды. Алайда бұл әрқашан нәтиже әкеле бермейді. Көбінесе көтерілген мәселе кездесі өткен жерде қалады. Бұл бір жағынан біздің аяқтап жұмыс жасамағанымыз болса, екінші жағынан саяси ерік әрқашан шешім қабылдай бермейді. Біздің елді біз «Тамшы тас теседі» деген қағидамен жұмыс жасаймыз. Бәрібір уақыт өте келе өзгерістерге келеміз.

IWPR: Тәжікстандық құқыққорғаушылар бүгінгі күні өз міндеттерін атқарып отырма? Біздің елдегі бұл қозғалыстың ерекшелігі неде?

**Бахриева:** Құқыққорғауда бізде көптеген кәсіби мамандар бар. Мысалы, адам құқығы жайлы айтатын болсақ, ол ең әуелі заңгерге байланысты. Бірақ, құқыққорғаушының заңгер болуы міндетті емес, ол тек адам құқығы саласын жақсы білсе болғаны.

Біздің құқыққорғау қозғалысының ескірмеген тарихи естелігі бар, ол – азаматтық соғыс. Сондықтан біз қандай да бір бұқаралық акцияларға, мәлімдемелерге сақтықпен қараймыз. Толқуларға алып келетін қандай да бір іс-әрекеттер біздің құқыққорғаумен қабылданбайды. Тіпті болмаған жағдайда балама жолдар қарастырылады. Қазіргі кезең. Ол – диалог. Келіссөздер жүргізуге тырысу – ұзаққа созылатын, бірақ кейде өте тиімді процесс.

Мұнда бізге өз көзқарасымызда тұрақтап қалу жетіспейді. Кейде қандай да бір іс-әрекетті жақсы-ақ бастап келе жатамыз. Есіңізде болса, бұл – ақпаратқа қол жеткізу туралы заңды, қоғамдық ұйымдар, діни ұйымдар туралы заң жобасын талқылауғы талпыныстар.

Басы ылғи да сәтті басталады. Сараптама жасалынады, талқылау болады. Ал «Енді не болмақ? Нәтижесінде қандай заң болады?» деген сұраққа келгенде жалғаспақ іс-әрекеттер болмай қалады. Осы процесті парламентте бақылауды, депутаттармен кездесу қткізуді, оларды заңжобасындағы мәселелердің бар екеніне сендіріп, іске көшу керектігін жеткізуді бастау қажет. Бірақ, ол жоқ, біз соңына дейін барып жүрген жоқпыз.

**IWPR:** Бұл немен байланысты?

**Бахриева:** Менің ойымша, көп адамдар билікпен қарым-қатынасты құртқысы келмейді. Үкіметпен жұмыс бар, бірлескен жобалар бар, сондықтан олар «суысып» кеткенді қаламайды. Бір жағынан маған өз шындығыңды дәлелдеу үшін қажетті аргументтер жетіспей жатқандай көрінеді.

Бізде адвокация яғни процестің тұрғысынан заңнама жетілдіруге тырысып отырған ұйымдар аз. Дөңгелек үстел өткізіп ғана қою жеткіліксіз. Себебі дөңгелек үстел – алға жылжу дегенді білдірмейді. Бағалаудан, талдаудан, ұсыныстар жасаудан, түрлі кездесулер өткізуден паралменттік тыңдауларға дейін жеткізу керек. Ал бізде мұндай тыңдаулар ешқашан өткізілген емес.

Бір дөңгелек үстелде есімде бір депутаттың келесі сөздері қалыпты: «Сіздер ылғи заңның жамандығына, үйлесімнің жоқтығына шағымданасыз да жүресіздер. Сіздер одан да қалай жасау керектігін айтыңыздаршы? Біз бірнеше заңжобасын жариялауға тырыстық, бірақ сіздердің тараптарыңыздан ешқандай пікір алған жоқпыз». Бізде мәселеге жүйелі түрде келу жоқ. Негізінен тек қызмет түрлері ұсынылады.

Кейбір елдерде, керісінше, ұйымдар сервистен аулақ шығып, жүйелі өзгерістер деңгейінде жұмыс жасайды. Бұл оларды осал қылады. Олар белгілі бір сәтте проблеманы түсінуден қалады, себебі адамдармен байланыс жоқ.

Сервис пен жүйелі іс-әрекеттердің үйлесімі бар жобалар қажет. Заңдық қабылдаулар болуы керек. Бұл қабылдаулар заңнамада немесе құқық-

қорғау практикасында проблемалар бар тұста ақпаратты талдап, келіссөздер мен қоғамдық мүдделерді қорғаудың келесі деңгейіне өте алуы тиіс.

**IWPR:** Freedom House бағалауы бойынша Тәжікстан еріксіз мемлекеттердің қатарына жатады, бірақ бұл статус кейінгі кезге дейін «жекелеп алғанда ерікті» деп келінген болатын. Жағдай қаншалықты ушығуы мүмкін Сіздің ойыңызша?

**Бахриева:** Бұл мәселе бойынша бірдақты баға беру өте қиын. Бірақ маған елдегі адам құқығын қадағалауға байланысты жағдай мүлде ұнамайды. Бірақ, халықаралық ұйымдар және азаматтық қоғаммен бұдан гөрі ашығырақ диалог тенденциясы байқалуда. Мұны мойындау керек.

Заң жобалары талқыланды, біріккен бастамалар көтеріліп жатыр. Белгілі бір салаларда реформалар көптеп кездеседі. Жағдайдың жақсаруына ықпал ететін жақсы тенденциялар бар. Мемлекеттік билік органдары тарапынан кадр мәселесін жақсарту мен жүйені реформалауға деген талпыныстар, бастамалар байқалады. Мұның бәрі асырында болса да адам құқығы саласындағы жағдайдың жақсаруына әкеледі.

Бір жағынан «бір қадам алған, екі қадам артқа» деген іс-әрекеттер де бар. Мысалы, бұл бұқаралық ақпарат құралдарымен болып жатқан жағдайда байқалады. Қазіргі уақытта сот билігі «төртінші билікке» қарсы соғыс жариялаған сыңайлы. Бұл өте қауіпті тенденция.

БАҚ саласындағы заңнама жүйесіне қатысты реформалау жоқ. Жаңадан қабылданып жатқан құжаттардың бәрі пікірі білдіру еркіндігіне қатысты жағдайды құлдыратып жатыр. Бұл бүгінгі күні БАҚ-қа қарсы шағым беруді мүмкін қылса, ертең қоғамдық ұйымдарға олардың баяндамаары немесе сын айтылған балама есептері үшін қарсы қолданылуы мүмкін.

Ал бұл ар-намыс, абыройды қорлағаны үшін деген шағымға әкелуі мүмкін. Және өз кезегінде ешкім ештеңе айтқысы келмейді. Яғни конструктивті сын болмайды.

Егер өзге елдердегі жағдайды бағаласақ, онда ЕҚЫҰ-ның пікір білдіру еркіндігі бойынша өкілдерінің талдауларында Тәжікстан мен Қазақстанның бір қатарда тұрғаны көрсетілген. Құдайға тәубе, бұл салада Өзбекстанның деңгейіне әлі түсіп кете қойған жоқпыз.

Негізі, бұл тенденция екі қауіпті проблеманы көтереді: пікір білдіру еркінлігін шектеу және сот билігінің дағдарысқа ұшырауы.

Мұның бәрі сот билігіне деген әлсіз сенімнің мүлде жоғалуына әкелуі мүмкін. Сот адам құқығын қорғаушы бейнесінен айрылады. Ал бұл мемлекеттік жүйенің дағдарысы деген сөз.

**IWPR:** Сіздің ойыңызша жағдайды қалай жақсартуға болады?

**Бахриева:** Соңғы кезге дейін біз халықаралық стандарттарға сай заңдардың қажеттілігі жайлы айтып келдік. Қазір мұндай заңдар көп. Алайда екі бағытта жұмыс жасау қажет. Сотқа беріп және сот органдарынан өз мүдденді қорғауды талап ету қажет.

Бізде елене бермейтін конституциялық соттың өте жақсы механизмі бар. Сол арқылы заңнаманы өзгертіп, мүддені парламент конституцияға сай емес заңдарды қабылдап, сот оны жүзеге асыруға тырысқан жағдайда қорғауға болады. Құқықтық жүйе өте ауқымды, қатесіз болу мүмкін емес.

Іс-әрекетсіз отыру ештеңенің ауыспауына әкеліп соғады. Бұл жауапсыздықпен немесе қорқыныспен байланысты. Алайда, азаматтық қоғам мен халық белсенді болуы қажет.

**IWPR:** Билікпен тіл табысуға тырысарда құқыққорғаушылар елдегі шыннайы жағдайды және құқықбұзушылықтарды естерінен шығарып алатын сияқты болып тұрады. Тіпті көршілес Өзбекстанның өзінде құқыққорғаушылар бізден гөрі белсенді орында. Сіз бұл туралы не ойлайсыз?

**Бахриева:** Бір жағынан мен сізбен келісемін. Бірақ Қзбекстанда құқыққорғаушылар бізге қарағанда белсенді деп айтпас едім. Олар аз, тек олардың даусы қатты шығуда.

Мен Өзбекстанда бірнәрсе істеуге талпынып жүрген жандарға құрметпен қараймын. Мұнай жағдайда жұмыс істеу – өткір пышақтың ұшында жүрумен тең. Көптеген құқыққорғаушылар елден жырақта жүр, ал бұл жақсы емес.

Бізде проблемаларды көтеріп, талқылауға тырысады, бірақ кейбір мәселеге келгенде жұмсақтық танытпау керек. Мен мұндай әрекет билікті «өкпелітеп» алады деп ойламаймын. Олар да өзгерістер керек екенін түсінеді ғой.

Менің ойымша, билік сын негізді болған жағдайда келіссөзге бара алады.



Мысалы, сот жүйесі жайында нақты ненің дұрыс еместігін және не істеу керектігін ашып көрсету қажет. Бұл барлық салаларға қатысты.

Өткізілген шараларда мемлекеттік органдардың өкілдері: «Сіздерге әрине бәрі оңай. Әрдайым сынға аласыздар. Сіздер біз осы проблемалардың бар екенін білмейді деп ойлайсыздар ма? Сіз одан да бізге бюджеттен бөлінген ақшаның көлемінде, қолда бар кадрлардың мүмкіндігінің шегінде нақты не істеу керек екенін айтыңызшы? Содан кейін барып біз осы бағыт бойынша ары қарата не істеу керектігін бірге ойланамыз» деп жатады.

**IWPR:** Тәжікстанның құқықорғауындағы негізгі проблемаларының ішінде HRW баяндамасында көрсетілгендей келесілер кездеседі әділ сот жүйесіне қол жеткізе алмау, процесуалдық заң бұзушылықтар және тұтқындармен шектен тыс қарым-қатынасқа көшу, биліктің үкіметтік емес және діни ұйымдар, саяси партиялар және БАҚ-тың үстінен үстемдік жүргізудің артық кетуі және т.б. Сіздің ойыңызша, қайсы проблема ең өткір болып отыр және неге?

**Бахриева:** Шын мәнінде түйткілді мәселелер барлық жерде бар. Бірақ осы жылы мен бірінші орынға пікір білдіру, ақпаратқа қол жеткізу еркіндігін. Сот процестерінің әділеттілігін алға шығарар едім. Міне, осы үш жағдай 2010 жылдың алғашқы екі айында ушығып тұр. Сонымен қатар қоныс аудару мәселесі де өзектілікке ие.

**IWPR:** Рогун СЭС-ның акцияларының жаппай таратылып жатыр. Президент тарапынан кепілдік беріліп, акцияға иелік ету ерікті түрде болалы дегенге қарамастан көптеген ұйымдарда әкімшілік тетіктер алға шығып отыр. Құқықорғаушылар неге бұл туралы айтпайды?

**Бахриева:** Себебі олар оқиға саяси сипатқа ие бола бастаған кезде үндемей қалады. Бұл өзі қызық көрінеді. Құқықтық мемлекетте мынайда ұстаным бар: билікке деген сенім. Президент – биліктің жоғарғы деңгейі. Ол халық

алдында жарналардың ерікті түрде берілетіні жайлы мәлімдейді, және біз оған сенуіміз керекпіз.

Егер биліктің басқа органдарын және оқыту мекемелерінің деңгейіндегі органдарды да Рогун СЭС-нің акцияларын сатып алуға мәжбүрлеп жатса, осыған байланысты оларда қиындықтар пайда болса, органдар сотқа шағымдана алады. Бұл туралы әңгіме бастау керек, сосын бұдан не шығатынын қарап көру керек.

Мәжбүрлеуге болмайды. Акция алмадың ба: университетте сынақ кітапшасына баға қойылмайды, акция алмадың ба: жұмыстан шығу туралы арыз жаз және т.б. секілді. Бұл заңға қайшы келеді. Рогун акциясын сатып алуға, көмек көрсетуге шақырып жатыр, мұны әр адам өз мүмкіндігіне, отансүйгіштік деңгейіне байланысты өзі шешеді.

Бұл акциялардың елдегі энергетикалық дағдарысты шешу үшін жасалынып отырылғаны белгілі. Бірақ, айтарлық сенімсіздік те бар. Қанша акция сатылды? Олардан түскен ақша қайда кетіп жатыр? Егер жүйе қалыпқа келсе айқындыққа ие болады, сонда акция алғысы келмегендер қызығушылық танытады.

**IWPR:** Нигина, өткен жылдың желтоқсанында Бішкектен сізді не себепті депортациялады, осы жайлы айтып кете аласыз ба?

**Бахриева:** Мұның себептері анықталған жоқ, бірақ мен өз пікірді білдіре аламын.

Мәселе менің БҰҰ-ның адам құқықтарын қорғау жүйесі саласындағы сарапшысы болуымда. 2004 жылдан бастап мен Қырғызстанның Жастар құқықорғау тобы өткізетін «Азаматтық саяси құқықтар туралы Халықаралық пакті мен оның факультативті хаттамасының имплементациясы бойынша адвокаттарға арналған курс» бағдарламасында жұмыс істеймін.

Бағдарлама аясында сарапшылар, олардың ішінде БҰҰ-ның адам құқықтары туралы комитетінің мүшелері,

беделді соттар және Еуропа мен ТМД мемлекеттерінен келген адвокаттар жеке шағымдарды БҰҰ-ның адам құқықтары туралы комитетіне арнап қалай дайындау керектігін үйретеді.

Мысалы, Тәжікстан Факультативті хаттамаға мүше мемлекет, одан алғашқы шағымдар 2000 жылы түссе, Қырғызстанда оларыдың ертеде Актіге және Факультативті хаттамаға қосылғанына қарамастан 2004 жылға дейін ешқандай шағым болған жоқ.

2009 жылдың тамызында менің осы семинарға шақырды. Ол жерде Ноокат оқиғасына байланысты процеске қатысқан адвокаттар болды. 2008 жылы қарашада Ноокатта Рамазан мерекесіне тыйым салғанын, бұл қарсылық акциялары мен сотқа алып келгенін еске сала кетейін.

Сотталған адамдарды қорғаған адвокаттар азаптау, әділетсіз сот процесі және өзге де заң бұзушылықтар, адам құқығының бұзылуы жайлы айтты. Кейін олар маған алғашқы шағымдарды жіберіп, олардың БҰҰ комитетіне шағымдану процедураларына қаншалықты сай екендігін бағалап беруді сұрады.

2009 жылдың желтоқсанында қырғыз омбудсменінің шақыруымен Бішкекке жабық мекемелерге мониторинг жүргізу туралы семинарға келдім, алайда бұл елге 10 жыл бойы келу құқығынан айрылып депортацияға кеттім. Мен себепін сұраған кезде маған қыркүйек айында Қырғызстанның құқықорғау органдарымен байланысқанымды айтты.

Бірақ, бұл өтірік. Мен де ешқашан ешқандай мәселе кеденде де, шекара қызметімен де, құжатпен де болып көрген жоқ. Қазір мен Бішкектегі құқықорғау тобы, әріптестеріме менің мүддемді қорғауға рұқсат беретін сенімхат дайындап қойдым. Мен депортация туралы шешімнің үстінен шағым түсірмек ниеттемін.

# БЕРНД РЭЧЕЛ: Түркімен денсаулық саласын зерттеу қара түнекті зерттегенмен бірдей

*112 сәуір күні елдегі қызметін желтоқсанда тоқтатқан «Шекарасыз дәрігерлер» халықаралық медициналық гуманитарлық ұйымы («Médécins Sans Frontières» - MSF) «Түркіменстан: денсаулық сақтау жүйесінің жабықтығы» деген тақырыпта баяндама жасады. Баяндама денсаулық сақтау саласындағы кейбір негізгі мәселелерді қозғайды. Түркімен билігі бұл баяндамаға оң ниетпен қарай қойған жоқ. TDH мемлекеттік ақпараттық агенттігі осы мәселе қаралған соңғы министрлер кабинетінің отырысында бүгінгі Түркіменстанның «бірегей әрі жөнделген денсаулық сақтау жүйесіне ие және ол тәуелсіздік алғалы юері өзінің қолжетімділігі мен тиімділігін дәлелдеді» делінген.*

NBCA-ға берген сұхбатында түркімен денсаулық сақтау саласының мәселесі жайлы өз пікірімен Лондон гигиена және тропикалық медицина мектебіндегі қоғамдық денсаулық сақтау саласы бойынша оқытушы, денсаулық сақтау жүйесі мен саясаты бойынша Еуропа обсерваториясының зерттеушісі, сонымен қатар «Ниязовтан кейінгі Түркіменстандағы денсаулық сақтау саласы» кітабының тең дәрежедегі авторы Бернд Речел білдірді. Речел мырза әлеуметтану ғылымының бакалавры, нәсілдік және этникалық зерттеулер саласында магистр және ресейлік және шығыс-еуропа зерттеулері саласында доктор дәрежесіне ие.

Түркіменстандағы денсаулық сақтау саласын сіз қалай бағалайсыз?

**Рэчел:** Түркіменстандық денсаулық сақтау жүйесі басқа да ортаазиялық мемлекеттерде кездесетін қиындықтарға кезігіп отыр, олар: туберкулез секілді жұқпалы аурулардың жоғары деңгейі, сонымен қатар бала мен әйелдер өлімінің жоғарылығы. Алайда Түркіменстандағы жағдай жабықтығымен ерекшеленеді. Үкімет жоққа шығару саясаты мен мәліметтерді араластыруды жиі қолданады. Басты проблемалардың бірі – денсаулық сақтау жүйесі мен халықтың денсаулығы жайлы мәліметтің мүлде болмауы. Үкіметтік статистикалық мәліметтер не мүлде жоқ, не шындыққа жанаса бермейді. Мұндай жағдай, мысалы, ана өліміне қатысты. Түркіменстандағы ана өліміне байланысты ұсынылған

көрсеткіштер Нидерландыдан төмен болған, ал бұл Түркіменстан секілді ел үшін мүмкін емес. Бұдан бөлек, түркімен билігі соңғы жылдары елде бірде-бір адам ЖҚТБ-мен тіркелмеген деп тұжырымдайды, ал бұл мүлде мүмкін емес. Үкіметтік мәліметтер болмаған жағдайда болмаса шындыққа сәйкес келе бермесе, жағдайдың нақты сипатына көз жеткізу үшін зерттеулерді пайдалануымызға болады. Алайда Түркіменстанда қазір тәуелсіз зерттеулер жүргізу мүмкін емес. Түркіменстандағы халықтың денсаулығын зерттеуге тырысу қара түнекті зерттегенмен бірдей.

**NBCA:** MSF баяндамасында медициналық күтім жасау мен медициналық қызметкерлердің біліктілігінің төмендігін түрді себептермен байланыстырылады және назар аударылады. Бұл медициналық қызметкерлерді дайындаудың әлсіздігі, режим алдындағы қорқыныш. Бұл қорқыныш кадрлардың жиі ауысуына байланысты дәрігерлердің сенімсіздігін тудырады.

Сіздің мәліметтеріңіз бойынша Түркіменстандағы медициналық қызмет көрсету деңгейі қандай?

**Рэчел:** Менің мәліметтерім бойынша медициналық қызмет көрсету мен медицина қызметкерлерінің деңгейінің төмендігі елдегі денсаулық сақтау жүйесіне төне негізгі проблемалар. Ниязовтың үкіметі жалпы білім секторына, оның ішінде медициналық білімге де үлкен шығын әкелді, оқыту

кезеңі өтіп кетсе де, білім сапасы үлкен сұраққа ие болып отыр. Бұрынғы Кеңес Одағының барлық елдеріндегідей медициналық қызметтің бейресми ақысы кең таралған құбылыс болып отыр. Ол медициналық қызметкерлердің төмен жалақысына қосымша ақша болып отыр, алайда кейде қажетсіз емдеуге алып келеді, яғни сапасыз медициналық қызмет түрлері пайда болады.

**NBCA:** MSF баяндамасында көрсетілген жұқпалы аурулар, сифилис және ЖҚТБ фактілерін жасырып қалу қоғамның денсаулығына қалай ықпал етеді? Ол қаншалықты өз-өзін ақтап отыр??

**Рэчел:** Жұқпалы аурулар фактісін жасырып қалу ешқандай жолмен де ақталуға жатпайды. Ол тек шығын әкеледі, емделушілерге қажетті ем алуға мүмкіндік бермей, халыққа қауіп тудырады. Мұны Қытаймен салыстыра айта кетсе болады, онда билік ұзақ уақыт бойы пневмония вирусын жасырып келген, нәтижесінде бүкіл әлем бойынша осы аурудың бірнеше ошағы пайда болды.

**NBCA:** Сіздің ойыңызша түркімен билігі денсаулық сақтау саласын қандай дәрежеде транспаренттілікпен қамтамасыз ете алады? Бұл үшін не істеу керек?

**Рэчел:** Біз елдегі денсаулық сақтау саласына қатысты жағдайды және денсаулық сақтау жүйесінің өзін тексеруді талап еткен едік, бірақ, барлық талпынысымыз тосқауылға тап болып отырды. Халықаралық қауымдастық денсаулық сақтау саласының ашық болуын қатаң түрде талап етуі тиіс. Денсаулық сақтау жүйесі туралы нақты мәліметтер болмай аталған елдің жағдайының жақсаруы мүмкін емес.

**Сұхбатты Түркіменстан мен  
Өзбекстан бойынша IWPR бас  
редакторы Инга Сикорская алды**





## Қазақстандағы африкандықтар өмір сүру құқығы үшін күресуде

Қазақстан аумағында ұзақ уақыт бойы тұрып жатқан өзге мемлекеттердің азаматтары билік тарапынан озбырлық пен өздеріне деген ашық түрде ықылас танытылмауына кезігіп отырғанын айтады.

Мали азаматы Идрисса Траоре Қазақстанның миграциялық қызметімен дау-жанжалдың ортасында қалып отыр. Ол қызметті оған заңсыз түрде айыппұл белгілегені және айыппұлды төлемесе елден шығарып жібереміз деп қорқытқаны үшін кінәлауда.

Траоредің өткен жылдың күзінде миграциялық полицияға берілудің орынына, олармен күресуге шешім қабылдауының ерекше болғаны сондай, ол туралы желтоқсан айында атақты «Время» газеті жазды.

Бір қарағанда, әңгіме Қазақстанға жаңа келген иммигрант туралы болып отырған секілді, шын мәнінде Траоре 20 жыл бойы Қазақстанда тұрып келе жатыр, мұнда ол Кеңес Одағының кезінде мал дәрігерлігін оқыған.

Ол Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін университетті бітірісімен осында қалған 200 африкандықтың бірі. Ұзақ уақыт Қазақстанда тұратындықтарына қарамастан, олардың көпшілігі нақты заңдық мәртебе алу үшін кедергілерге тап болып отырғанын айтады.

2004 жылы Траоре тұру ықтиярхатын алады, алайда өткен жылдың тамызында ол ықтиярхатты ұзартуға құжаттар берген кезде, оған 2007 жылы тіркемеде тұрған Алматыда емес, Астанада тұрып, жұмыс істегені үшін 100 доллар көлемінде айыппұл төлеу керектігі туралы айтқан.

Траоре айыппұлды дер кезінде төлегенін, ал шенеуніктер оларда айыппұлдың төленгені жайындағы мәліметтердің жоқтығы жайында айтады.

Ең бастысы, алайда, африкандық бұл айыппұлды төлемеуі керек еді, себебі тұру ықтиярхаты бір шетелдік азаматтар ел аумағында еш кедергісіз жүріп-тұра алады.

Қолындағы ықтиярхатының ұзартылмауына байланысты Траоре жұмысқа

тұра алмайды. Оның паспорты да жоқ, себебі оны ықтиярхатты ұзарту үшін құжаттар өткізген кезде бірге берген.

Траоре миграциялық полиция Басқармасын оған заңсыз айыппұл салғаны және өмір сүру үшін ақша табу мүмкіндігінен айырғаны үшін сотқа берді; сонымен қатар, ол прокуратураға миграциялық полиция басқармасының өзіне «тұру ықтиярхатын тартып алу үшін себеп тбатынын» айтып қорқытып-үркіткені жайындағы арызын қарастыру туралы өтінішін тапсырды.

«Бұл енді маған айтқанымнан қайтпаудың ісі болып отыр. Мен ештеңе де төлемеймін», - дейді Траоре IWPР-ға. Ол «заң шеңберінде қозғалыс, жұмыс орнын таңдау құқығы жоқ» жағдайда бұдан әрі қала алмайтындығын айтты.

Адам құқықтары бойынша Қазақстандық халықаралық бюроның заңгері Виктория Тюленева Траоре ісін жүргізіп отыр. Оның сөзіне қарағанда, африкандық айыппұл төлемеуді талап етуге толық құқығы бар.

Тюленева миграциялық қызметтің бұл жағдайда Траореге елде виза бойынша жүрген шетелдік азамат дәрежесінде қарап отырғанын, бұл жағдайда оның жүріп-тұруы шектеледі, ал оның шын мәнінде, елдің тұрақты тұрғыны екенін, сәйкесінше Қазақстан азаматтары секілді қозғалыс еркіндігіне ие және жергілікті миграциялық полицияға тіркеуге тұруы міндетті емес екенін айтады.

Траоре ісімен айналысып жатқан шенеунік, Алматы миграциялық полициясы басқармасы бастығының орынбасары Айкелді Асанов барлық шетелдіктер тіркеуден өтуі тиіс дейді. «Олар заңды міндетті түрде сақтауы тиіс. Егер олар мұндай жағдайды қаламаса, (...) бас тартсын [тұру құқығынан]», - дейді ол.

Асанов салынған айыппұлдың заңдылығын қарастырған жоқ, ал осыдан

кейін миграциялық полицияға берілген өтініштерге жауап болдан жоқ.

Қазақстанда тұрып жатқан басқа африкандықтар елде қалу құқығына ие болу үшін осындай қиындықтарға тап болып отырғанын айтады.

Сьерра-Леоне азаматы, Қазақстан африкандықтары Кеңесінің төрағасы Ламин Бангура Траорені қолдау жөнінде айтады. Ол бұрын өзінің де осындай кедергілерге кезіккен жайында әңгімелеп берді.

«Мұның бәрі ұзақ жылдар бойы жалғасып келе жатыр. Тұру ықтиярхатын ұзартуға келгенде миграциялық полиция бізді азаптау үшін әдейі осындай қадамдарға баратын секілді. Оларға бір қағаз әкеліп берсең, басқасын сұрайды, ал ол заң бойынша талап етілмейді».

Бангура африкандықтарды шеттетінін айтып, «басқа ұлттарды [өкілдерін] еш қиындықсыз ұзартатынын, ал қалыс қалған адамдар секілдіміз» дейді.

Нәтижесінде африкандықтар елде өздерін бөтен және шенеуніктердің олардың елден кетуін қалайтындай сезінеді.

«Біз қайда барамыз? Әйеліміз, балаларымыз, жұмысымыз бар», - дейді Бангура.

Ганалық Франсис сыбайлас жемқорлықтың үлкен рөл ойнап отырғанын айтады, полиция пара үшін заңбұзушылықты елемей қоя сала алады.

«Кейде маған африкандықтарды сауын сиыр ретінде ұстау үшін осы жүйені әдейі құрылған секілді көрінеді. Ақшаны алған соң, олар барлығына көздерін жұмып қарайды және келесі жағдайды күтеді», - дейді Франсис.

Тюленеваның пікірінше, мәселе тек африкандықтарда ғана емес, барлық



иммигранттармен осындай қатынас қалыптасқан дейді.

«Мұндай жағдай өз саласында жалғыз емес, ол миграциялық полиция мен мигранттардың қарым-қатынасын білдіреді және мигранттық қауымдастық өкілдерінің көпшілігіне тән», - дейді ол.

ЮНЕСКО мәліметтері бойынша, Қазақстанда 300 мыңнан бір миллионға дейін мигранттар бар, олар негізінен көршілес Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстаннан келген маусымдық жұмысшылар.

БҰҰ-ның босқындар ісі бойынша Жоғарғы комиссары Басқармасы «Босқындарға құқықтық көмек» жобасының координаторы Денис Дживага миграциялық полиция мигранттарды оңай табыс көзі деп санайды дейді. Оның себептерінің бірі мигранттардың көп жағдайда өз құқықтарын білмей жатуымен байланысты.

«Бүгінгі күні миграциялық полиция мигранттарды, ең бірінші кезекте, табыс көзі ретінде қарайды. Бұл заңды өз қалауынша талдауға мүмкіндік береді», - дейді ол.

Траоре ісі жария болған соң, миграциялық полиция оның тұру ықтиярхатын ұзарту бойынша арызының бекітілетінін, бірақ, қазіргі кезде іс техникалық себептерге байланысты тоқтап тұрғаны жайында хабарлады.

Траоре иммиграциялық билік тарапынан басқа қатынас көргенді қалар едім дейді, бірақ оның жағдайындағы адамдар көп дүниені талап етпейді де.

«Өз еліңдегідей болмаса да, ертеңгі күні біреу олар заңсыз жұмыста жүр деп айтпас үшін заңды түрде жұмыс істеу, заңды түрде тұрі мүмкіндігі болса. Кез келген уақытта оларға: сен мұнда неғып жүрсің деп айтуы мүмкін», - дейді ол.

**Андрей Гришин,  
Алматы**

## ҚЫРҒЫЗСТАН



### Қырғызстан билігі басып алушылармен күресуде\*



**Жерлерді басып алу күш қолданатын сипатқа ие болып жатқан кезде, жаңа үкімет тұрақтылықты қамтамасыз етуге шақырып отыр**

Қырғызстанның жаңа үкіметі қысымға тап болып отыр: олардан ел астанасы Бішкек қаласының маңындағы жер үшін жүріп жатқан күреске тәртіп орнату талап етілуде.

Жерлерді басып алу өз бетінше, стихиялық түрде және жаппай жүргізіліп жатса да, бірқатар сарапшылар бұл іс-әрекеттер белгілі бір дәрежеде үйлестіріліп отырады, оны мүмкін жаңа биліктің қарсыластары жүзеге асыруы мүмкін деп күдіктеніп отыр.

Қырғызстанның ішкі іст ер министрінің қызметін атқарушы 5 адам қаза тауып, 40 адамның жарақан алғанын хабарлады. Бұл 19 сәуір күні бірнеше жүз адамның Бішкектің солтүстігіндегі Маевка ауылының маңындағы жерлерді тартып алғанда болған.



8 апреля

*\* Бюллетень жарық көрердің алдында біз беру керек деп шешкен өзгерістер болды. Нақтылап айтсақ:*

*Маевкадағы бассыздықтар кезінде 120 адам ұсталған, олардың жетеуі күдікті ретінде айыпталып отыр. Олар қылмыстық жауапкершілікке тартылады, - деп мәлімдеді баспасөз мәлімдемесінде ҚР Ұлттық қауіпсіздік мемлекеттік қызметінің төрағасы Кенешбек Душебаев. Осы оқиғадан кейін Маевка ерекше күзетілуде. Халықтық жасақтар жергілікті тұрғындармен біріге отырып жақын маңдағы жыртуға арналған жерлерді қорғауда. Милицияның күшейтілген жасақтары ат үстінде.*

*Екінші бір орында, «Кара-Жыгач» тұрғын аймағында 30-дан астам басып алушы Чу облысының ІІБ мен Аламудун АІІБ-не жеткізілігені 7 мамыр күні белгілі болды. Қазіргі кезде аудандық сот заң бұзушыларды ҚР әкімшілік жауапкершілік туралы Кодексінің 105 бабы – «Өз бетінше жерді басып алу» бойынша жауапқа тарту жайлы шешім қабылдауда.*

*7 мамыр күні Қырғызстан астанасында 5 мыңға жуық жерді өз бетінше басып алғандар бар деп шамалануда. Және олар биліктен қала шеңберінде әрқайсысына 4 сотық жерден беруді талап етіп жатыр. Бұл жайында баспасөз мәлімдемесінде олардың өкілі хабарлады. Басып алушылар өздеріне жер беріледі деген нық сенімде.*

*Қазір басып алушылар да, Бішкек пен қала маңындағы басып алынған ауылдар, жерлердің тұрғындары да жаңа биліктен шешім күтіп отыр. Осы уақытқа дейін бұл проблеманың шешілмей отырғанына байланысты.*





Мұндай жерлерді басып алу негізінен астанаға жақын маңнан жақсы өмір іздеп келген мигранттардың тарапынан болып жатыр. Бұл оқиғалар Қырғызстан тәуелсіздік алғалы бері көрініс табу-ды және саяси тұрақсыздықтар кезінде айқындыққа ие болады. Жаппай басып алудың соңғы толқын-6-7 сәуір күндері болған халық қарсылығының нәтижесінде туындап отыр. Осы наразылық нәтижесінде Құрманбек Бәкиев тағынан иайып, оппозиция жаңа уақытша үкімет құрған болатын.

Мындаған адамдар жаңа үкіметтің заңсыз іс-әректтерге шара қолданылатыны жайлы ескертпесіне қарамастан астана маңындағы жер учаскелерін басып алды.

Маевкада басып алушылар жерлерге қазықтардан белгі қойды да, тобымен жерге деген құқықтық заңдастырып беруді талап ету үшін Бішкектің орталығына қарай жылжыды.

Басып алушылармен келіссөзге шыққан Бішкек мэрінің міндетін атқарушы Иса Омуркулов жер мәселесін муниципалды биліктің талқылайтыны жөнінде ғана уәде бергенін айтты. «Қала аумағында бос жатқан жерлер жоқ. Ал өзге біреудің меншігін, шарушылық жерін басып алу-ды біз жібермейміз», - деді ол IWPR-ға.

Жерге дәмеленгендер Маевкаға оралған кезде өз жерлерін басып алудан қауіптенген жергілікті тұрғындармен айтарлықтай қақтығыс орын алған.

Маевка ауылы – Бішкектен бірнеше шақырым қашықтықта орналасқан, онда Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Сталинмен Кавказдан Орта Азияға жер аударылған этникалық орыстар, түркі-месхитиндер және қырғыздар тұрады.

Осы оқиғалардан кейін келген Маевкаға келген IWPR репортеры ауылдың үстінде тұрған түгінді, өртенген үйлерді, шаруашылық құрылыстарды, көліктерді көрді.

Ауылдың бір тұрғыны, үйі шабуылға ұшыраған түрік-әйел басып алушылар өз іс-әрекетін қарсылық танытып жатқандардың қатарында болғанын және Бәкиевті құлатқан, ал жер оларға сыйақы ретінде берілетінін айтқан.

Ол басып алушылардың жаңа үкіметке қарата айтқан: «Біз сендерге Ақ үйді бердік, ал сендер бізге жер беріңдер!» деген сөзін есіне алды.

IWPR сұраған ауылдың басқа да тұрғындары әлі күнге естеріне келмеген. Басып

алушылардың этникалық қырғыздар болғанына қарамастан тұрғындар олардың ештеңеге қарамай, ұлтына қарамастан шабуылдағанын айтады.

Маевкалық орыс әйел: «Мен қырғыздардың арасында өмір сүруге қорқамын. Осынша жыл бірге өмір сүріп келдік. Бірақ енді маған Қырғызстанда өмір сүру қорқынышты».

Осы күні кешке бассыздықты басу үшін ауылға милиция жіберіледі, сонымен қатар «Патриот» халықтық жасағы да осы ауылға бет алды. Нәтижесінде жүзден астам адам ұсталды. Олардың сөзіне қарағанда қазір тәртіп орнатылған.

Келесі күні, 20 сәуірде тағы бір жағдай астананың оңтүстігінде орын алды, бірақ бұл жерде бәрі бейбіт түрде өтті. Бір топ, араларында балалар мен қарттар да бар, жер учаскелерін белгілеп, шатырлар орнатқан, бұл қаламыз дегенді білдірді. Күш көрсету болған жоқ.

Мэр Омуркулов IWPR-ға басып алушылар талап етіп отырған жер жасыл аумаққа жатады, ол жерде билік қолтеімді көпқабатты тұрғын үй салмақ болып жоспарлаған.

### **БИЛІК ШЕШІМДІ ІСКЕ КӨШПЕК БОЛЫП ОТЫРҒАНДЫҒЫ ЖАЙЛЫ МӘЛІМДЕДІ**

Маевкада болған оқиғадан бір күннен кейін уақытша премьер-министр Роза Отунбаева құқықорғау органдарының қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, адамдардың өмірлерін қорғап, тұрғын үй мен жеке меншікке, сонымен



қатар азаматтық және әскери объектілерге жасалған шаралардың алдын-алуға бұйрық беру туралы қаулыны таратты. Ол мұндай жағдай болса құқықорғау органдарының қару қолдану мүмкіндігіне ие екенін айтты.

ІІМ баспасөз хатшысы Рахматилло Ахмедов қазіргі кезде себептерді анықтау мен болған оқиғаның анық-қанығына тергеу шараларының жүргізіліп отырғандығы және жаппай бассыздықтарды бастағандар мен қатысушыларын анықтау жүріп жатқанын мәлімдеді.

Бәкиев тақтан тайған соң Қырғызстанның құқықорғау органдары қандай күштің артынан ерерін білмей қалды, ал жаңа ішкі істер министрі тағайындалған соң тіпті де шатасты.

Осыған емеурін тастаған Бішкек мэрі «сәуір оқиғалары кезінде соққы алған құқықорғау органдары, енді халықты қорғау алады» деді.

Маевкаға жақын маңда орналасқан Ленинское ауылының тұрғындары өз жерлерінде жүрген бөтен адамдарды көрген соң, милицияның келетініне күмәнданып, өз беттерінше қорғау отрядтарын ұйымдастырған.

«Біз өзжерімізді бермейміз», - деді атын атамауды жөн көрмеген ауыл тұрғыны. Ол Ленинское ауылының тұрғындары тек өз күшіне сенетінін айтты, себебі Маевкаға милиция тым кеш келген.

### **ІС-ӘРЕКЕТТЕРДЕГІ ЖАСЫРЫН ЫҚПАЛ?**

Елдің оңтүстігіндегі Жалалабад қаласында Бәкиевтің жақтастары жергілікті әкімшілік пен телевизиялық станцияны жаулап алған соң 21 сәуір күні тағы да милициямен қақтығысып қалған. Халықтың жерді басып алуына біреу нұсқау берген және оны жаңа үкіметтің қарсыластары жүргізіп отырған деген күдік бар.

«Жерді жаулап алып жатқандардың істері үйлестіріліп отыр. Олай болмағанда шеттен келген қарапайым адамдар Бішкектің қай жерінде жер учаскелері бар екенін білмес еді», - дейді Омуркулов.

Маевкаға милицияға көмекке келген «Патриот» штабының еріктілерінің бірі басып алушылардың іс-әрекеті шын мәніндегі қиыншылықтармен байланысты болса да, олардың әрекетіне біреу басшылық жасайтын секілді деп өз пікірін білдірді.

«Басып алушылар негізінен 15 пен 25 жастың аралығындағы жастар. Біз олармен сөйлесе алдық, көпшілігі сырттан келген, қалад жұмыс істейтіндер. Шын мәнінде олардың үйлері жоқ, олар не үй жалдап тұрады, не туыстарында тұрады. Кейбірі осы акциялар ұйымдастырылмағанда мұндай әрекеттерге бармас едік деді», - деп айтты жасақшы Эрлае Джусупов.

«Басып алушыларды белгілі бір адамдар басқарады, оларға тамақ бреді, алкоголь береді, біз олардың көпшілігінің ма сүйінде кенін аңғардық. Мен мұны

ұйымдастырушылар қарсы күштік реакция ұйымдастыру үшін және жаңа биліктің қолынан ештеңе келмейтіні, осылайша олар да қан төгуге баруы мүмкін деген [олардың Бәкиев билігін айыптағаны сияқты] күдік тудыру үшін осылай жасап отыр деп есептеймін. Ал этникалық тақырып – бұл назар аударту үшін жасалған қосымша әрекетет».

## ЭТНИКАЛЫҚ САЯСАТ – ҚАУІПТІ ОЙЫН

Конфликтолог, «Эгалите» Қоғамдық Қорының бас директоры Татьяна Выговская жер мәселесіне байланысты дау-жанжалдар іс жүзінде экономикалық сипатқа ие екенін айтып кетті.

«Этникалық дау өз бетінше шықпайды. Дау әрдайым не жетіспей жатыр, осыған байланысты өршиді. «Сендерде бәрі бар, ал бізде ештеңе жоқ. Революция болды, енді біз бәрін аламыз» деген ұранмен үйлерді басып алуға келгендердің басты себебі де сол. Этникалық сенімнің бұл жердегі рөлі – белгілі бір ұлт өкілдерінің басқаларға қарағанда материалдық құндылықтарының көп болуы деген әлеуметтік қағидада», – дейді ол.

Этникалық жанжалдар туралы жаңалықтық тақырыптар жаңа үкімет үшін нағыз проблема болып отыр, себебі ол сыртта да, ел ішінде де өз беделін көтеруге міндетті.

Маевкада болған оқиғаның келесі күні жаңа билікті қолдаушы Ресей президенті Дмитрий Медведевқорғаныс министріне осы елдегі Ресей азаматтары мен олардың меншігін қорғау туралы нұсқау берді. Оның мәлімдемесінен Қырғызстандағы әуе-әскери базасы бар ресейлік әскерилерге не істеу керек екендігі белгісіз қалды.

Түрік-мечитиндіктер Түркияда туып-өспесе де, бұл ел олардың қауіпсіздігі жайлы өз алаңдаушылығын білдірді. Не-жат Ақчал елші Маевкаға келді, ал оның елшілігіосы аулыға гуманитарлық көмек көрсетпек.

## ХАОС ТЕОРИЯСЫ

Жер басып алушыларының жасырын қолдаушылары бар екендігі жайлы күдік болғанына қарамастан кейбір жергілікті сарапшылар принципалды мәселелердің бар екендігі жайлы тоқтамға келді.

Маевканы басып алуға келгендердің бірі, жас азамат IWPR-ға өз әрекеттерінің ақталатынын айтты.

«Адамдарға жер беріп, дауды баса салу оңай ғой. Бізге неге жер берілмейтінін түсінбейміз», – деді ол.

Ол 2005 жылы наурызда болған «раушан» төңкерісі кезінде жерді басып алғандардың әрекеті сәтті болғанын айтады. «205 жылдан кейін жер басып алғандардың жерлері заңдастырылса, біздің жер кейін заңдастырылады», – деді ол.

Парламент спикері болып тағайындалған Коммунистер партиясының жетекшісі Исхак Масалиев жерлерді заңсыз түрде басып алу 90-жылдардың басынан келе жатқанын айтты.

«Билік ауысқан сайын жерлерді басып алу жаман дәстүрге айналып барады», – деді ол.

Құқықтық мәселелерден бөлек Масалиев басып алушылар ауылдарының өскенін, ал мұның бұрыс белгі екеніні, қалалардың жайылып емес жоғарыға өсу керектігін айтты.

«Тұрғын үйлердің асығыс тұрғызылғаны, кедейшілік, қылмыстық жағдайға алып келеді, себебі бұл үйлерде тұратындардың жағдайы өте төмен: дұры жолдар, клммуникация, су құбырлары жоқ», – дейді ол.

ҚР Омбудсмен институтынан келген Гульнур Абазбекова басып алушыларға берілген үлкен көлемдегі жер дұрыс еместігімен келіседі.

«Бұл жабайылық, басып алушылар өзге біреудің меншігін жаулап алды және бұл қатаң түрде тоқтатылуы тиіс. Басып алушылар негізінен жастар, олардың тұрақты табысы жоқ. Билік оларға жер берген жағдайы өзінде олар ештеңе сала алмайды, себебі қаражаттары жоқ. Онда электр, жолдар да жоқ, қала өзіне

мұндай ауыртпалықты ала алмайды», – дейді ол.

Выговская да жаңа билік мұндай әрекетерді басып тастауға қатаң шаралар қолдану керек деген пікірде. «Бұл топ биліктің бар екенін білулері керк», – дейді ол.

Ол мұндай бассыздықтарды жақын арадағы уақытқа да болжап отыр.

«Кез келген ыліктің күшпен ауысуы артынан заңсыздықты, күш көрсетуді, агрессияны ала келеді», – деді Выговская.

Сондықтан қазір жағдай билік тарапынан аса бір бақыланып отырған жоқ. Сондықтан Маевкадағы секілді оқиғалар ұзақ уақыт бойы көрініс табады. Жарты жыл шамасында бұл жағдай ана жерде бір, мына жерде бір болып оытрады. Бірақ, негізінен басып алуға Бішкектің маңындағы жерлер нысан болмақ. Бұл халықтың Бішкектегілердің бәрі жақсы өмір сүреді, ал астанада тұру өмірді жақсартады деген кірімен байланысты», деді ол.

**Асыл Осмоналиева,  
Бішкек**



8 сәуір.  
Дүкендер басып алушылардан сақтанып, тауарларын әкеткелі жатыр

## Көрші мемлекеттер Қырғызстанға қауіппен қарауда

***NBCA сұраған ортаазиялық аймақтағы комментаторлар қырғыз оқиғаларының көрші мемлекеттерге де ықпалын тигізуі мүмкін екенін, алайда, жағдайдың қайта тұрақсыздануы мүмкін екендігі жайлы айтты.***

6-7 сәуір күндері Қырғызстанда ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдай мен басқарушы режимнің жемқорлығына қарсы адамдардың жаппай көтеріліске шығу себебінен, қырғыз президенті Құрманбек Бәкиев биліктен кетіп, оның орнына оппозиция өкілдерінен құралған Уақытша үкімет келді.

Бішкектегі оқиғалардың нәтижесінде 84 адам қаза тауып, 1600-дей адам жарақат алды.

Тағынан тайған президент біраз уақыт бұрынғы үкімет мүшелері бауырларымен бірге, көршілес Өзбекстанға жақын жатқан Жалал-Абад облысындағы туған ауылы Тейитте болып келді, ол Уақытша үкіметті заңсыз деп атап, өз пайдасына орай қарсылық танытуға тырысты.

16 сәуір күні үш мемлекет – АҚШ, Ресей және ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуші Қазақстанның қатысуымен елде екі билікке рұқсат етілді.

Ресей мен АҚШ үшін Қырғызстан стратегиялық маңызға ие. Себебі оның жерінде екі елдің де әскери базалары орналасқан, ал Қазақстан үшін бұл мемлекет ежелгі өрші, көптеген салалар бойынша тығыз қарым-қатынаста.

Осы күні қазақстандық әуе-іскери күштерінің арнайы рейсімен Бәкиев Қазақстанның оңтүстігіндегі облыс орталығы Тараз қаласына жеткізілді, бұл қала Тала облысымен шектеседі. Көрші елде отырып, Бәкиев отставкаға кету туралы өтініш жазды деген хабар бар. Кейін Бәкиев мінген ұшақ Қазақстаннан кетті деген ақпарат түсті.

Осы мақала жазылып жатқан кезде қырғыздың экс-президентінің қайда екені белгісіз болды.

Қазақстандық және тәжіктік прессе мен телевизия Қырғызстанда болып жатқан оқиғалар туралы кеңінен жазды, ал өзбек пен түркімен БАҚ-ды бұл тақырыпты көтерген жоқ. Көрші мемлекеттердің басышлары ресми мәлімдеме жасаған жоқ, тек Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев қана «билік жүйесін қалпына келтіріп, қарапайым адмдарды қорғау үшін барлық күшті біріктіруге шақырды». Ал өзбек СИМ барлық болып жатқан оқиғалар «Қырғызстанның ішкі мәселесі» екенін хабарлады.

NBCA-ның өзбекстандық шолушылары қырғыз жағдайлары секілді оқиғалар Өзбекстанда болуы екіталай, себебі қоғамның наразы болуы аса үлкен деңгейде емес, алайда билік болсын, қарапайым адамдар болсын белгілі бір дәрежеде қауіптенуде дейді.

Ташкенттік, саясат ғылымдарының кандидаты, әледік экономика мен дипломатия Университетінің докторы Фархат Толипов жергілікті БАҚ-ы Қырғызстандағы оқиғалар жайлы жақ ашпаса да, бұл «қоғамдық талқылаудағы №1-ші тақырып» екендігін айтты.

«Бізге тіпті университетте студенттерге Қырғызстанда не болған жайлы түсіндіріп, жеке дәрістер өткізуге тура келді, бірақ маған оқытушы ретінде «Мұндай оқиға бізде болуы мүмкін бе деген?» сұрақ бірде-бір рет қойылған жоқ. Яғни мұндай ойдың өзі жоқ, халық президентке қарсы шықпайды. Қоғамдық талқылаулардан бір нәрсе түсінікті: біздің ел өзін Қырғызстанмен еш байланыстырмайды, көпшілік үшін ол алыстағы мемлекет», – дейді ол.

Алайда өзге өзбекстандық комментаторлар қырғыз екшарасында туыстары бар көптеген адамдардың қауіпке беріліп жүргендігін айтады. Күн сайын өзбек-қырғыз шекарасындағы бақылау-өткізу пункттерінен жүздеген адам жұмысқа, қонаққа өтеді. Аталған оқиғалардан кейін шекара жабылған.

«Бізге сақтық шаралары күшейтілді, мысалы, прокуратураны қорғайтын адамдар бронды кедешелер киюде, ал мемлекеттік мекемелердің жанындағы

көлік тұрақтарына тыйым салынууда», – дейді ел шығысындағы, қырғыз шекарасында жатқан Өндіжандық «Апелляция» құқыққорғау қауымдастығының төрағасы Саиджахон Зайнабитдинов.

Сонымен қатар Зайнабитдинов қырғыз сценарийнің өз елінде қайталануының мүмкін еместігін айтады, себебі мұнда арнайы қызметтер азаматтарды қатаі түрде бақылада.

«Бде бәрі бақылау астында. Қазір жыл сайынғы адамдарды бір-бірлеп прокуратураға шақырып, тергеуге алатын көктемгі кампания басталып кетті», – дейді ол.

Интернет шектелген, ал ресейлік және басқа да орта азиялық веб-ресурстарға тыйым салынған Түркіменстанда Қырғызстан туралы жағдай еле арасына жетіп үлгерген.

«Ашхабад қаласының көшелерінде полиция патрульдері жүр, кешке елдің құжатын тексереді», – деді NBCA шолушысы.

Түркіменстандық диссидент және Болгариядан іс-әрекетін жүргізетін құқыққорғаушы Таджигуль Бегмедова биліктің «үлкен қауіп бар» екендігі айтады, себебі көптеген түркімен жастары көршілес Қырғызстанның ЖОО-да оқиды, сондықтан олар бұл елдегі жағдайлардың куәсі болып отыр.

«Түркімен билігі ұйқысынан айрылуда, себебі оларда маза жоқ. Бірақ, жалпы халық гипнозда және Қырғызстанда болып жатқан оқиғаларға дұрыс баға бере алмайды, себебі халық өз пікірін білдіру мүмкіндігінен айрылған, сондықтан қырғыз оқиғасының Түркіменстанда қайталануы екіталай», – дейді ол.

Душанбелік тәжік саясаттанушысы Рашид Абдулло Қырғызстандағы қоғамдық-саяси оқиғалар Орта Азия елдерінің экономикалық жағдайын кері әсерін тигізуі мүмкін деп қауіптенеді.

«Суғару кезеңі келе жатыр, отырызылған дақылдарды суғару туралы ойлау керек. Қырғызстан, Тәжікстан секілді, ортаазиялақ өзендердің жоғарғы басында орналасқан, осыған байланысты су жіберу туралы шешімдер қабылдауда қарым-қатынаста болып келдік. Енді не болатынын белгісіз. Әрине, мұндай оқиғалар боып жатқан кезде суғару туралы ойлануға мұрша болмайтыны белгілі», – дейді ол.

Қазақстандық сарапшы Ярослав Разумов Қырғызстанда болып жатқан оқиғаларды түбі болып тынатынын, алайда Қазақстан мен аймақтың басқа да мемлекеттеріне еш әсерін тигізбейтінін айтты.

«Қырғызстан қауіп төндіру үшін айтарлықтай күші жоқ, ол аймақта үлкен ықпалға ие емес. Керісінше оо қазір көрші мемлекеттердің көмегіне зәру», - деді ол.

(Аталған мақала National Endowment for Democracy Қоры қаржыландыратын «Орталық Азияның жаңалықтар» жобасының аясында дайындалды)

## АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ

# Қырғызстандағы негізгі білім беру жүйесі нарықтық жағдайда өзгерту- лерді талап етуде

*Білім сапасының төмендеуінің негізгі себептерін сарапшылар мемлекет тарапынан жеткілікті көлемдегі қаржыландырудың жоқтығы мен соңғы 20 жыл ішінде жүйеде үлкен реформалардың жүргізілмеуімен байланыстырады*

Наурыз айындағы Қырғызстандағы кезекті парламент тыңдаулары балалардың білім алуға қол жеткізуіне байланысты болды. Арнайы құрылған депутаттық комиссия жарты жыл бойы балалардың білім алу құқығының сақталуына байланысты жағдайды елдегі 31 бойынша зерттеді.

Парламенттік тыңдаулардың алдында Осы тақырыпқа арналған, IWPR ұйымдастырған дөңгелек үстелдер Қырғызстан аймақтарында өтті.

IWPR-ға берген сұхбатында Уақытша депутаттық комиссия Төрайымы Гужамал Султаналиева айтып кеткендей, парламентарийлер баланың тегін білім алуға деген конституциялық құқығын сақтауға тырысады. Тәуелсіздің алғалы бері жүріп жатқан білім жүйесінің коммерциялануы жағдайы төмен отбасылардан шыққан балалардың аталған құқықты пайдалануға мүмкіндік бермейді.

Статистика бойынша 40 мыңнан астам бала Қырғызстанда мектепке бармайды. Бұл көрсеткішті 2009 жылы қоғамдық пікірді зерттеу «Эл-Пикир» орталығы жариялады, ол ЮНИСЕФтің қолдауымен республика мектептерінде зерттеу жүргізген-ді. ҮЕҰ-дың бейресим мәліметтері бойынша мектептерде оқымайтын балалар саны бұл көрсеткіштен үш есе артық.

ЮНИСЕФ-пен бірлескен Президент жанындағы стратегиялық талдау және бағлау Институтның бала кедейшілігі және теңсіздігі бойынша Ұлттық зерттеуіне сәйкес Қырғызстандағы балалардың тек 11%-ы ғана мектепке дейінгі білім алуға қол жеткізе алады.

ҚР білім және ғылым Министрлігінде тек Бішкекетің өзінде ғана 20 мектеп жетіспейтінін, ал аймақтарда бұл көрсеткіштің бірнеше есе өсетінін айтты.

ҚР білім және ғылым Министрлігінің мектепке дейінгі, мектеп және мектептен тыс білім беру басқармасында Бішкек мектептерінің орта есеппен 30-35%-ға шектен тыс жұмыс жасап жатқандығын, нәтижесінде кейбір мектептер үш ауысымда сабақ өткізуге мәжбүр екендігін айтты.

Сарапшылар мектептердің жетіспеушілігі Қырғызстандағы мыңдаған балалардың мектепке бармай отырғандығының бір ғана себебі емес.

### ТЕГІН БІЛІМ ҚАНША ТҰРАДЫ

Мұндай себептердің бірі ретінде сарапшылар тегін бастапқы және орта білімге кепілдік беретін ҚР Конституциясының және ҚР «Білім туралы» Заңының бұзылуын айтады. Іс жүзінде баланы мектепте оқыту қымбатқа түсуде.

«Бала құқығын қорғаушылар лигасы» құқыққорғау ҮЕҰ-ның зерттеу мәліметтеріне сәйкес мектепке орналасарда алынатын ақы мектеп жәрәжесіне байланысты 200 сомнан (\$ 4,5) 20 мың сомға (\$454) дейін жетеді.

Ақша аударылған соң ата-аналар ай сайынғы 100 сомнан (\$2,3) 600 долларға дейін жететін төлем төлеп отырады. Бұл мәліметтерді 2009 жылы жүргізілген мониторингінің нәтижесінде ҚР заңнамасының білім алуға деген бала құқығының сақталуы саласындағы жүзеге асырылуы мен қадағалануын зерттеу бойынша уақытша депутаттық Комиссия ұсынды. Мұндай төлемдер қала мектептері мен бірқатар аймақтық мектептерге тән.

Мамандар атап өтіп кеткендей оқыту мекмелеріндегі оқытуға кететін шығын ең әуелі тұрмысы төмен отбасыларына кері әсерін тигізген. Ұлттық стратегиялық комитет мәліметтеріне сәйкес 2009 жылы Қырғызстандағы орташа айлық жалақы 6009 сом (\$136), ал астанада 8777 (\$199) болған.

«Бұрын біз жыл сайын мектептің жөндеу жұмыстарына ақша өткізіп келсек, енді осындай ақшаны біз сыныпты жөндеуге де өткіземіз. Бұған қоса ай сайын шүберекке, шелекке және басқа да сыныпқа арналған дүниелерге ақша береміз. Маған оқытуды төлеу үшін екі жұмыс істеуге тура келіп жатыр. Жалақымның үштен бір бөлігі осыған



кетеді», - деді IWPR-ға астанадағы мектептердің бірінің қызы оқитын ана.

Салықтарды заңдастыру үшін мектептердің жанынан Қоғамдық қорлар құрылуда, ал салықтың өзін «қайырымдылық жарнасы» деп аталуда. Алайда, ата-аналардың шағымына қарағанда салық ерікті түрде алынбайды. Ақша беруден бас тартқан жағдайда бала қысымға ұшырап, тіпті мектептен шығып кетеді.

«Маған егер біз ай сайынғы жарнаны төлеп отырмасам баланы басқа мектепке ауыстыру жөн болар деп емеурін танытты. Бұл жайында ашық айтпайды, алайда жөн деп тапса, оқудан шығарып жіберуге себеп табады», - деді гимназия оқушыларының бірінің анасы.

Ол өзге де көптеген ата-аналар секілді мектеп әкімшілігімен жанжалдасқысы келмейді, сондықтан заңбұзушылықтар жайла қажетті ор-гандарға хабарламаған. Себебі көп жағдайда мұндай балалардың ата-аналарға қысымға тап болады.

«Бала құқығын қорғаушылар Лигасы» ҰЕҰ-ның мәліметтеріне сәйкес мектеп оқушылары көп жағдайда мұғалімдер тарапынан қысымға ұшырайды. Бұл тұрақты түрде сынға алу, қорлау және басқа да сезімге қысым көрсету.

Мектеп психологы Татьяна Молчанованың сөзіне қарағанда қысым көрсетудің бұл түрі ең кең таралған және бала психологиясына ауыр әсер етеді.

## НАРЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙДАҒЫ МЕКТЕП МЕНЕДЖМЕНТІ

90-жылдардың алғашқы жартысынан бастап Қырғызстан мектептерінде ақылы білім қызметі енгізілді. Бұл сабақтан тыс уақыттағы қосымша ақылы қызмет түрлері, сонымен қатар, бюджеттік сыныптардың қатарындағы келісім-шартты сыныптар, олар балаларға арналған оқыту жағдайын жақсарту үшін мектеп тарапынан кепілденеді.

Сарапшылардың пікірінше қырғызстандық заңнамада ерікті және еріксіз жарнаның айырмашылығы көрсетілмеген, бұл жемқорлық үшін қолайлы жағдай туғызып отыр.

«Қазіргі алынып отырған отырған салықтар – мектеп әкімшілігінің шеттен тыс сұранымдары. Ата-аналар-

дан түсетін ақша көлем үлкен, ал шығын бақыланбайды», - дейді «Бала құқығын қорғаушылар Лигасының» жетекшісі Назгуль Турдубеков.

Өз кезегінде кейбір директорлар «ерікті жарна» жинау қажет, себебі мемлекеттік қаражат «ештеңеге жетпейді» деп санайды.

ҚР білім саласына бөлген бюджеттік шығын көлемі 2010 жылы 7,2 млрд. сом болған (\$164 млн.) немесе ЖІӨ-нің 3 %-ы. Паламентарийлер мен ҰЕҰ өкілдері айтып кеткендей мемлекет білім саласын «қалдық принципі» бойынша қаржыландырып отыр.

Бүгінгі мектеп директорлары бизнесменге айналып алған. Оқу бағдарламаларын жасаудан бөлек, ол қаржы жағдайын бақылап, мектепте құбырлардың тесілмеуін қадағалауы қажет», - дейді «Біздің құқық» қоғамдық қорының кеңесшісі Калича Умуралиева. Қазіргі кезде қаржылық-шаруашылық мәселелер орта мектептердің басшыларының уақытының көп бөлігін жеп қояды деп атап көрсетіп кетті Умуралиева.

Астаналық №62 гимназияның директоры Людмила Байбородинаның пікірінше қаржы тапшылығынан ең әуелі мұғалімдердің өздері жапа шегіп отыр. Жалақының төмендігіне байланысты мектептерде кадр тапшылығы анық байқалуда. Білім және ғылым Министрлігінің мәліметтеріне сәйкес жас мұғалімнің жалақысы екі мың сомнан (\$45) басталады.

«Бізде көп зейнеткерлер жұмыс істейді, себебі жас мұғалімдер мұндай аз жалақыға мектепке жұмыс істеуге барғысы келмейді. Мұғалімдер де адам ғой, олардың балалары бар, оларды асырау керек. Сондықтан біз ата-аналардың жарналарынан мұғалімдерге ақша бөлеміз», - дейді Байбородина.

ҚР Паламенті депутаты, Социал-демократиялық партияның мүшесі Ирина Карамушкина өз мектепте мұғалім болып жұмыс істеген және аз жалақы көлемімен жақсы таныс.

«Бүгінгі мұғалім күнделікті дәптерлерді тексеру үшін айына бар болғаны 15 сом (\$0,3) алады. Бұл жалақы орынджалған жұ-

мыс көлеміне тіпті де сәйкес келмейді», - деді ол, орта есеппен әр сыныпта 30 бала оқитынын атап көрсетіп.

Білім және ғылым министрлігінде елдегі кейбір мектептерде бір сыныпта 46 адамға дейін оқиды, бұл қалыпты нормадан екі есеге дейін көп деп хабарлады.

Мемлекет бірнеше рет қосымша қаржыландыру бойынша бағдарламалар жүргізген, алайда сарапшылардың пікірінше, олар қажетті нәтиже бермеген. Олардың бірі «Жас мұғалім» қолдау бағдарламасы. Ол жас педагогтарға арналған, оларды республика аймақтарында қалдыру мақсатында қаржылық көмек ретінде қарастырылған.


Білі Министрлігінің мәліметтері бойынша төрт жыл ішінде аймақтық мектептерге 600 мұғалім жіберілген.

Алайда, Калича Умуралиева мұндай мемлекеттік қолдау елдегі педагогикалық кадрлердің жетіспеушілігі мәселесін шеше алмайды дейді, себебі бұл, қосымша ақша инфляция кезінде өте аз.

## ҚАМҚОРЛЫҚ КЕҢЕСТЕРІ

Заңсыз салық проблемаларын шешу үшін бала құқығын қорғайтын ұйымдар қамқорлық кеңестерін енгізу жобасы бастамасын көтерді. Олардың міндеті мектеп бюджетін бақылау мен мұғалімдер, ата-аналар, ҰЕҰ және білім органдарының өкілдерінен тұратын топ арқылы бүкіл қаржылық операцияларды ашықтықпен қамтамасыз ету.

Елдің кейбір мектептерінде мұндай органдар тәжірибе түрінде жұмыс істеуде, алайда жалпы жобаның бастамасы



осы жылы парламент тыңдауларында көтеріледі. Қамқорлық кеңесі жобасының бастамашыларының бірі Калича Умуралиева бұл шараның білімнің нарықтық қатынастарға өркениетті өту болып табылады дейді.

Ал бұл жүйенің қарсыластары жоба қаржыны жұмсау процесін қиындатып жібереді дейді. Сонымен қатар, қамқорлық кеңес заңсыз жана мәселесі маңызды болып табылмайтын ауылдық мектептер үшін қосымша кедергі болады деген де пікір бар.

«Аймақтардағы мектептер барлық қажеттіліктерін жергілікті қалалық бюджеттен қамтамасыз етіп отыр. Бізде ата-аналар тарапынан қосымша көмек тартуға деген қажеттілік жоқ», - деді Чу облысы, Ысык-Ата ауданындағы мектеп директоры Раби Чекиева.

## МИГРАНТ-БАЛАЛАР

Балалардың ішіндегі ең әлсіз топ – бұл ішкі мигрант балалар. Олардың 80%-ы бала еңбегіне тыйым салынғанына қарамастан белгілі бір себептерге байланысты жұмыс істеуге мәжбүрлер.

Сонымен қатар, мигранттар отбасы тұрақты өмір сүру орны бойынша тіркелуге байланысты қиындықтарға кезігеді. Баланы мектепке алу кезінде тіркеуде тұру талап етілмесе де, көптеген директор мектепке тіркеуде жоқ баланы қабылдай бермейді.

Балалар үшін тағы бір өзекті мәселе мектепке орналасу кезінде немесе ауыл мектебінен қала мектебіне көшкен кезде тапсыратын тест болып отыр.

Өткен жылдың тамыз айында Қырғызстанның білім және ғылым министрі меатептен мектепке ауысқанда алынатын тестке тыйым салатын жарлық шығарды, себебі теңдік ұстанымына байланысты қала мектептері ауыл мектептерінің алдында дәрежесі еш жоғары емес. Алайда, «көптеген директор жарлық туралы естімеген де. Өрине, сондықтан орындамаған», - дейді Раби Чекиева.

Астанада мектепке орналасарда кезігетін тағы бір мәселе алғашқы төленетін жарна болып табылады. «Элиталық» мектептерде бала көп болғандықтан, көптеген оқушылар жергілікті тұратын орны бойынша мектепке бара алмайды. Құқыққорғаушы Назгуль Турдубекова айтып кеткендей, мектептердің ақсуыектендірілуі білім сапасына байланысты емес, ол коммерция мәселесіне байланысты.

## БІЛІМ РЕФОРМАЛАРЫ

Сарапшылардың пікірінше, бүгінгі күні орын алып отырған білімнің төмен деңгейі болашақта мамандардың сапасына әсер етпей қоймайды. Яғни білім саласындағы проблемалар елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға тікелей әсер етеді.

«Мемлекет өзіне ор қазып жатыр. Сауатсыз мамандар жұмыс істейтін болады, ал білікті кадрлар елден кетеді. Себебі мұнда олар нан тауып жей алмай қалады», - дейді Калича Умуралиева.

ҚР білім және ғылым министрі Абдылда Мусаеваның сөзіне қарағанда бүгінгі білім жүйесі тиімді реформаларды қажет етіп тұр. Қазір министрлік уақытша депутаттық комиссиямен бірігіп білім саласын дамытудың кезеңді стратегиясын әзірлеп жатыр. «Реформа бір сәтте жасалмайды. Біздің бүгінгі жасап отырған іс-әрекетіміз бес, он жылдан кейін нәтиже бере бастайды», - дейді министр.

«Бала құқығын қорғау лигасының» өкілі Назгуль Турдубекова білім Министрлігінің азаматтық сектормен білім саласындағы проблемаларды шешуде белсенді түрде тізе қосып бірігуі жақсылықтың белгісі дейді.

«Білім саласы бізде дұрыс және жақсы. Бірақ олар сақталмайды. Қазір бізге олардың сақталғаны мен бақылауына мән беруіміз керек. Ол екі жақтың: ата-аналардың да, мұғалімдердің де көңілінен шығу керек», - деді ҚР парламент депутаты, Коммунистер фракциясының мүшесі мен ҚР заңнамасының білім алуға деген бала құқығының сақталуы саласындағы жүзеге асырылуы мен қадағалануын зерттеу бойынша уақытша депутаттық Комиссия төрағасы Гульжамал Султаналиева.

Сарапшылар қосымша демеушілік көздер қарастыратын мектептердің жанынан ата-аналардан түсетін ақшаны жүзеге асыратын Қоғамдық қорлар құрылды дейді. Алайда, парламенттік тыңдау кезінде вице-премьер-министр Тажикан Калимбетова айтып кеткендей бұл заңнамаға қайшы келеді, себебі мектеп мемлекеттік мекеменің қатарына жатады.

ҚР Есептік палатасы мемлекеттік бюджет қаражатын ғана тексереді, осылайша ата-аналардан ерікті түрде түскен қаржыны ешкім бақыламайды. Нәтижесінде конституциялық құқығы бола тұра, жағдайы төмен отбасы-

лардың балалары білімге қол жеткізуде кедергілерге тап болады.

Уақытша Комиссия Мүшелері айтып кеткендей, олар ең бірінші кезекте осы мәселені шешу үшін заңнамаға өзгерістер енгізбекші.

Бішкекте өткен тыңдаулар қатысушылар – биліктің атқарушы орган, Парламент, мектеп әкімшіліктері және ҰЕҰ өкілдері білім алуға деген конституциялық бала құқығын қамтамасыз ету үшін жүйде нені өзгерту керек деген мәселеге байланысты бір пікірге келе алмады.

Мысалы, парламенттік тыңдауда ҚР білім және ғылым министрі Абдылда Мусаев: «Мектептерде жекелеген заң бұзушылықтар орын алуда. Бірақ, оларға жүйелік сипат беріп, бүкіл білім саласына тән деуге болмас. Біз бала мектепке қабылданарда оның білім алуға деген құқығы бұзылмас үшін мектеп жарғыларын қайта тіркеу үшін не істеу қажет – осыны ойластыруымыз керек. Алайда, бір нарықтық жағдайдамыз, социалистік бағыт тарихта қалды, коммерциялық білім қызмет түрлеріне тыйым салсақ, білім жүйесіне мүлдем тоқтау салсақ болады», - деп жариялады.

*Евгения Ким,  
Бішкек*





## АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ

### Ажырасудан кейін әйелдер өштеңесіз қалады

*Заң бәріне бірдей тең құқық береді, алайда барлық әйелдер ажырасудан кейін күйеуінің меншігіне құқығы бар екенін біле бермейді*



«Енем мені балалармен қосып үйден қуып шықты», - дейді Азиза күйеуінің Мәскеуден телефон шалып ажырасатынын айтқан соң болға оқиғаны есіне алып.

«Ол мені бұдан былай өз үйінде көгісі келмейтінін және менің өз ата-анамның үйіне кетуім керек екенін айтты», - дейді Азиза.

Тәжікстанның көптеген әйелдері секілді 24 жастағы Азиза үйлену тойынан кейін күйеуінің үйіне көшіп келеді. Оның күйеуінің бауырлары да өз әйелдерімен осы үйде тұратын, міне, солармен арада түсініспеушіліктер пайда болды, бұл Азизаның күйеуі басқа да жүздеген мың Тәжікстан азаматтары секілді шет елге жұмыс іздеп кеткенде бой алды.

Алғашқы кезде ол үйге ақша жіберіп тұратын, кейін жұмысымды жоғалттым деп ақша жіберуді жоғарды. Осыдан кейін оның отбасы Азизаны «жатып-шер», ақша табудың орнына үйде екі баламен отыр деп айыптады.

Енді ата-анасымен тұрып жатқан Азиза өзін алдыңғы үйдегі секілді сезіну-

де, себебі оның үш бауыры үйленгелі жатыр және олар да өз келіншектерін үйге алып келеді.

Тәжікстан заңына сәйкес ажырасудан кейін күйеуі әйеліне алимент төлеуі тиіс. Өкінішке орай, Азиза Тәжікстанның басқа да көптеген әйелдері секілді жағдайда отыр, ол заң бойынша отбасылы болмаған. Ол күйеуі екеуі мұсылмандық дәстүр бойынша үйленіп, ресми түрде тіркеуге алынбаған. (Бұл мәселе бойынша толығырақ Тәжікстан мақаласында оқыңыз: Неке уәдесі әрдайым әйел қорғанысының кепілі бола бермейді, RCA № 564, 30 қаңтар 2009 жыл).

Заңгер Саодат Шарипова заңдастырылмаған некенің көп жағдайда әйелдердің алимент пен басқа да меншікті бөлісуге деген құқықтан айыруға себеп болатынын айтады. Алайда ол неке туралы куәлігі бола тұра ажырасқан әйел мүлік бөлінісіне қол жеткізе алмайды, себебі үй күйеуінің отбасына жатады, ал әйел ол жерде тіркеуде тұрмауы да мүмкін.

Тәжікстанның әйел-заңгерлер Лигасы атқарушы директоры Зебо Ша-

рифова оның ұйымы айналысатын жағдайлардың көбі әйелдердің ажырасудан кейін мүлік бөлінісіне байланысты болып келеді.

Тәжікстанның әйелдер ісіне байланысты Комитет жанындағы «Бовари» кризистік әйел орталығының директоры Гульнора Ахророва неке туралы кәулігі бар әйелдердің өзі шағымды өз бетінше түсіру үшін жеткілікті түрде өзінің заңдық құқығын білмей жатады дейді.

«Ажырасудан кейін әйелдер аяусыз түрде балалармен бірге үйден шығарылып тастайды, ал олар болса сотта өз құқығын қорғауды білмейді және жоғарыдағы жағдайға көне береді», - дейді Ахророва.

Ахророва жақында болған Тәжікстанның оңтүстігіндегі Яван ауданының тұрғыны Мохтоб есімді әйелді есіне алады.

Көптеген әйелдерге қарағанда Мохтоб заңды түрде күйеуге шыққан және ажырасардың алдында үш баласы болған. Олар тұрып жатқан үй енесінің атына жазылған, ал ажырасудан соң күйеуінің туыстары оған бұл үйде қалмайтынын анық жеткізген.

Қазір ол мешітке келушілерден түскен садақаның арқасында өмір сүріп жатыр.

«Біз оған қандай құзырлы орындарға бару керектігін айттық, арыз жазуға көмектестік. Сотта оның құқығын қорғайтын адвокат бердік. Егер жағдай жергілікті деңгейде шешілмесе біз оны республикалық түрде шешуге көмектесеміз», - дейді Ахророва.

Ахророва ауылдық жерлердің әйелдері білім деңгейінің төмендігіне байланысты қиындыққа тап болса, мұндай оқиғалар қалада да жиі кездеседі дейді.



«Кейде әйелдің тіпті паспорты, балаларының туу туралы куәлігінің жоқ екені мәлім болып жатады, олар ажырасқан жағдайда қандай құқығы бар екенін білмейді», - дейді.

Некеде тұрмаған болып есептелетін әйелдер категориясы бар, ол – екінші, үшінші әйелдер. Кеңестік кезеңнен кейінгі уақытта көпәйел алушылық жиілеп кетті, ел заңнамасы тыйым салғанына қарамастан мұсылмандық жолмен әйел алу жолы ашылды.

Көптеген әйелдер үшін мұндай неке қажеттіліктен туады. 1992-97 жылдары болған азаматтық соғыс 25 мыңға жуық әйелді жесір қалдырды, ал кәмелеттік жасқа жеткен көптеген қыздар экономикалық қолдау мен әлеуметтік мойындаусыз қалды. Ер адамдардың тапшылығы қазір де сезілуде, себебі Тәжікстанның жүздеген мың азаматы Қазақстан мен Ресейге жұмыс іздеп кетуде.

Ажырасу немесе күйеуінің өлімі болған жағдайда екінші әйел алиментке, мүлік бөлінісіне және мұрагерлікке заңдық құқығы жоқ.

Заңгер Каюм Юсуфов әйелдің атынан шағым түсіру қиын, бұл оның тіркелмеген некеде тұрмағанымен байланысты дейді.

«Мұндай жағдайда әйелге күйеуімен бірге шаруашылық жүргізгенін дәлелдеу, куәгерлер табу қажет. Мұндай әйелдерге көмектесу өте қиын, алайда сот үйсіз, алданған әйелдің құқығын қорғау үшін барлығын істейді және ер адамда көшеде бұрынғы әйелі емес, балаларының анасы қалғаны жөнінде көндіруге тырысады», - дейді ол.

Юсуфов Тәжікстан заңына сәйкес балалар заңды некеде болмаса заңсыз некеде туылғанына қарамастан мұрагерлікке тең дәрежеде ие екенін айтады.

Тәжікстан үкіметі ажырасқан әйелдер мәселесін біледі және оны шешуге тырысуда.

«Ажырасулардың көбеюі бізге әйелдерге көмекке келуге мәжбүрлеуде, олар неке бұзылға соң қорғансыз қалады. Мен президент осы мәселе бойынша қолдау көрсетеді деп үлкен үміт күтемін», - деді 11 қаңтарда өткен баспасөз мәслихатында ел үкіметі хжанындағы жастар ісі бойынша Комитет басшысы Хайринисо Юсуфи.

Юсуфи еке қиюдың шарты ретінде некеге дейін келісімге қол қоюды ұсынады. Тәжікстан тұрғындарының көпшілігі исламның сүннеттік бағытын ұсынады, сонымен қатар, мұсылман-исмаилиттер, христиандар және өзге деген өкілдері кездеседі. Мұсылмандар үшін неке қиюға молдамен жүзеге асырылатын никоха жасау жеткілікті. 2007 жылы билік мемлекеттік некені тіркеу болмаса діни неке қиюға тыйым салатын заң қабылдады.

Жаңа заң тіркелмеген некелердің санын қысқартты, бірақ оны орындау үшін шаралар қолдану қажет дейді қоғам. Юсуфов адамдарға олардың құқығы жайлы айтып отыру керек деп отыр.

«Бізге заң бұзылғанның үстне бұзылу үстінде. Молдалар көп жағдайда жастар міндетті түрде АХАЖ-ға барып тіркеледі деп сендіретін ата-аналар мен олардың туыстарының жетегінде кетеді. Ал шын мәнінде солай бола ма, оны ешкім білмейді», - дейді ол.

Тәжік парламентінің жоғарғы палатасының мүшесі, атақты дін ілімін уағыздаушы Ходжи Акбар Турадзонзода 1990-1995 жылдары Жоғарғы Кеңес депутаты болып тұрған кезде молдаларға мемлекеттің атынан неке қиюға рұқсат беруге байланысты ұсыныс тастағанын, бірақ, оның ойының қолдау таппағанын есіне алады.

Турадзонзода заңнан бөлек ислам ер адамға неке кезінде және одан кейін әйелге барлық жағдай жасауға міндеттейтінін айтады.

Ол қалыңдықтың туыстары неке қиылғанға дейін мүлікті құқықтың қағаз бетінде заңдастырылуына көз жеткізуді тиіс дейді.

«Егер неке келісім-шарты Еуропада 100 жылдан астам уақыттан бері қолданылып келе жатса, исламда ол 1400 жыл бұрын қолданылған», - дейді ол.

Әйел тіпті екінші жұбай болып баруға шешім қабылдаса және ол ресми тіркеуге ие бола алмаса да, мұсылман заңы ер адамға әр әйелді жеке үймен қамтамасыз етуді міндеттейді дейді Турадзонзода. Ол қалыңдық туыстарының міндеті күйеуден ажырасу немесе отағасының қазасы болған жағдайда оның әйелі мен баласына мүліктің көшетіні жайлы

қағаз бетінде растау алу деп қайталап кетті.

«Мен іс жүзінде басқаша болып отырғанын түсінемін, алайда, әйел мүлік құқығын діни неке қию кезінде қатысқан куәгерлерді шақыру және балалардың әкесі екенін анықтау арқылы қорғауға мүмкіндігі бар», - дейді ол.

**Наргис Хамрабаева,  
Душанбе**

## ТӘЖІКСТАНДА ҚЫЗДАР САБАҚ ЖІБЕРУДЕ

**Қаржылық қиындыққа ер балалардың білім алуы қыз балалардың білім алуына қарағанда маңыздырақ дейтін пікір үстеме болып отыр.**

ДХосият Наджмиддинованың екі қызы мектепке бітіре алар емес, себебі олардың анасы білім алу тек ұлдар үшін қажет деп санайды.

«Шынымды айтсам, балалардың мектепке қиетін киімі жрқ. Ал киімнен бһлек оларға мектепке қажет құрал-жабдықтар қажет, мен оларды тауып бере алатын жағдайда емеспін», - дейді ел астанасы Душанбе тұратын алты баланың анасы.

Наджмиддинованың күйеуі өзге жүздеген мың отандастары секілді Ресейге қаражат табу мақсатында кеткен. Ал үш ай бұрын ол ақша жіберуді тоқтатқан кезде отбасы қаражаттың негізгі көзінен айрылып қалған.

Әйелдің үлкен екі қызы – Сайера мен Мафтуна мектепке тоғызыншы сыныптан кейін баруды қойған, бұл елдегі негізгі білім алудың міндетті кезеңі.





Осы кезде бала білім алуды тоқтатуға құқығы болса да және «аяқталмаған орта білім туралы» диплом алса да жоғарғы білім алуға бұл жеткіліксіз.

Екі кіші қызына мектепке баруға әлі ерте, алайда Наджмиддинова мектепке екі баласын жіберуге тырысатынын, себебі болашақта қыздар емес осы ұлдар отбасы үшін ақша табатынын айтады. Сайера үйде анасына көмектеседі, ал Мафтуна кафеде жұмыс істейді.

Наджмиддиновтардың отбасындағы жағдай қыздарды мектептен қаржылық қиындыққа байланысты немесе ақшаны оларға жұмсау тиімсіз болғандықтан алып қалу тенденциясының кәдуілгі мысалы болып отыр.

Қыз балалар ер балаларға қарағанда әсіресе ауылдық жерлерде осындай жағдайға тап болып отыр.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қоры (ЮНИСЕФ) 2008 жылы қыз балалардың 25%-ы мектепті тоғызыншы сыныпты бітірместен тастап кеткен деп хабарлайды. Көп жағдайда олар он жасқа жетер-жетпестен мектепті бастауыш мектептің төртінші сыныбынан кейін тастайды. Осы жылғы білім Министрлігінің мәліметтері он қыздың төртеуінің тоғызыншы сыныпқа жетіп тағы екі жыл оқу мүмкіндігін пайдаланбай мектепті тастайтынын көрсетеді.

Бала еңбегіне ресми түрде тыйым салынатынына қарамастан мектепті тастайтын қыздар отбасы ауыл шарушылығымен айналысса үй жұмысымен, алқаптардағы жұмыспен, ал қалада болса басқа да жұмыспен айналысады.

Өткен жылы Тәжікстанның ересектерінің білімі ұлттық орталығы Душанбедегі бала еңбегіне байланысты мониторинг жүргізді. Нәтижесінде жұмыс істейтін 230 баланың 80-і мектепті тастап кеткен қыз балалар болып шыққан.

Олардың кейбірі төртінші сыныпқа дейін ғана оқыған, ал кейбірі тіпті мектепке де бармаған деп хабарлайды зерттеу үйлестірушісін Ирина Щаснович. Бұған негізінен басқа жүздеген мың отандастары секілді шет елде ата-аналары жұмыс істейтін балалар немесе тұрмысы төмен ауылдық жерлерден қалаға жұмыс іздеп келген «ішкі мигранттардың» балалары кіреді.

Тәжікстанның заңнамасына сәйкес тоғызжылдық білім алуда балаға бөлет жасау қылмыстық жазаға тартылады, соңғы екі жылдың ішінде біліммен қамтылмаған балалардың ата-аналары жауапқа тартылған, сот оларды бірнеше мың көлеміндегі айыппұлмен жазалаған.

Ақша – ата-аналардың балаларын мектептен алып кетуіне немесе Наджмиддинова секілді қыз балалар емес ұл балаларды мектепке жіберуге себепші болып отырған дүниелердің бірі. Щаснович көрсеткендей кейбірі тіпті балаларды мектепке жазбайды да.

Щасновичтің сөзіне қарағанда бұл балалардың кейбірін мектепке қайта әкелу үшін оның жүргізген зерттеуінің нәтижелері білім Министрлігіне жіберілген, ал астанада мектеп директорларының тәрбие жұмыстары бойынша орынбасарларымен бірге семинар өткен.

Осының бәріне қарамастан «біздің тізімде болған балалар мұғалімдердің қолдау көрсетуге дайын екендігіне қарамастан біліммен қамтылмаған» дейді ол.

«Бонувони фардо» («Болашақ әйелдер») қоғамдық ұйымының жоба үйлестірушісі Дилором Джаббарова көптеген отбасыларының қаржылық жағдайы аймаққа ықпал еткен ұзаққа созылған қаржылық дағдарыстың салдарынан қиындап кетті, олардың ішінде мигранттар мен ауылдық жерлерде тұратын отбасылар да бар.

Тәжікстанда мемлекеттік білім тегін, алайда Джаббаров айтып отырғандай, көптеген отбасының баланың мектепте оқуы үшін қажетті киім мен құрал-жабдықтар сатып алуға мүмкіндігі жоқ. Бірінші сынып оқушысы үшін ең төменгі ақша көлемі 50 долларға тең, ал Тәжікстандағы орта жалақы көлемі 60 доллар. Бүкіләлемдік банк көрсеткендей ел тұрғындарының жартысынан астамы кедейлік шекарасында өмір сүруде.

Отбасы жолығатын қиын экономикалық таңдауды есепке ала отырып, Наджмиддинов отбасының жағдайындай анасы мектептен қыз баласын алып кетуге, қыз баланың мектепке бармауына таңдануға болмас. Ұл балалар үйленгенде, әсіресе ауылдық жерлерде, олар отбасымен ата-анасының үйінде қалады, ал қыздар күйеуінің

үйіне кетіп, ата-аналарының өміріне ендігі жерде араласа бермейді.

Университеттік білімі бар әйелдердің Ассоциациясының төрайымы Гульджохон Бобосадыкова мұндай дәстүрлі бағыт үкімет пен басқа да жақтардың қыздардың білім алуға қол жеткізудегі іс-әрекеттеріне кері әсерін тигізеді.

«Қыз балаларды күйеуге шығуға, шарушылық жүргізуге, күйеуін тыңдап, бала тууға дайындайды», - дейді Бобосадыкова.

Мектепті тастаған қыз балалардың көпшілігі жоғары білімді өте аз көлемдегі қыздар алатыны жайлы айтады. Жоғары білім алатын қыздардың саны 1991 жылы Кеңес Одағы құлап, Тәжікстан тәуелсіздік алған кездегі 34%-дан үстіміздегі оқу жылы 29%-ға дейін төмендеп кетті.

1997 жылдан бастап елде алыс жырақтағы ауыл қыдарына жоғары білім алу үшін квота бөлініп келе жатыр. Білім Министрлігінің мәліметтері бойынша өткен жылдың қыркүйегінде басталған үстіміздегі оқу жылы ел ЖОО-на 635 қыз бала оқуға қабылданған, бұл өткен жылға қарағанда 15%-ға жоғары. Қазіргі кезде квота бойынша оқып жатқан қыздардың жалпы саны 4 500 адам.

Джаббарованың сөзіне қарағанда Тәжікстанда әйелдің қоғамдағы рөлін арттыруға және гендерлік теңдікке арналған құжаттар мен бағдарламаларға қол қойылған. Алайда, мәселе «олардың жүзеге асырылмауында жатыр, себебі олардың іске асуы мен бақылануына жауап беретін қандай да бір нақты құрылым немесе орган жоқ».

Осы репортаж барысында сұралған басқа да көптеген сарапшылар секілді Джаббарова мәселенің шешімі қоғамдық білімдік бағдарламаларда жатыр, яғни қыздарды, олардың ата-аналарын және мұсылмандары басым қоғамдағы діни басшыларды әйел құқығы мен білім алудың маңыздылығы жайлы ақпаратпен қамтамасыз етіп отыру қажет деп есептейді.

Бобосадыкова БАҚ-н білімнің «маңыздылығы мен мәртебе-беделі» тақырыбын көтеру үшін пайдалану қажет дейді.

Білім Министрлігінің жоғары кәсіби және дипломнан кейінгі білім Басқар-



масының басшысы Абдулхамид Нозимов өз ведомствосының мамандары мектепке бармайтын қыздарды анықтау мақсатында ел аралап, оларды мектепке оралып, университет квоталарын пайдалануға үгіттейді.

«Мәселені шешу үшін, барлық жақтың бірлескен жұмысы қажет. Өкінішке орай, үйлескес іс жоқ, ал барлығының мақсаты бір», - дейді ол.

Нозимов білім секторының шенеуніктері жергілікті билікпен, прокуратурамен, жергілікті ҰЕҰ-мен және халықа-

ралық ұйымдармен қыз балалар мен олардың ата-аналарын ақпаратпен қамтамасыз ету үшін бірлесіп жұмыс істек керек деп санайды.

Щаснович үйлескен істің жетіспейтіндігімен келіседі. «Көптеген ұйымдар осы бағытта жұмыс жасайды, алайда әрқайсысы өз бетінше жұмыс істеуде. Ал бұл мәселеде бірлескен іс-әрекет және жауапты жұмыс қажет. Егер бір ұйым мұндай балаларды анықтай алмай жатса, екіншісі оларды мектепке тұрғызуға болмаса білім курстарына беруге көмектесуі керек», - дейді ол.

Бобосадыкованың сөзіне қарағанда білім әйел адамға жоғары деңгейдегі өмір сүру мен құқыққорғауға мүмкіндік береді.

«Көпжылдық бақылау нәтижесінде білімді әйелдердің үйдегі қорлыққа сирек жолығатыны, өз бетінше әрекет ететіні және материалдық тұрғыда жағдайларының жақсы екендігі анықталды. Сонымен қатар олар жақсы аналар», - деді ол.

**Нафиса Писареджева, Душанбе**

## ӨЗБЕКСТАН



### АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ

## Өзбекстанда бала еңбегі бұрынғыдай «дәстүрлі» болып саналып келеді

**Бала еңбегін пайдаланғаны үшін берілетін жазаның қатаңдығы тиімсіз секілді, себебі шенеуніктер іс-әрекетсіз отыр, ал ата-аналар қосымша табыстың келгеніне қуануда.**

13 жастағы Агзамды ауа райының бұзылуы тек қуантады, себебі осындай кезде ол автокөліктерді жуып ақша табады.

«Қар немесе жаңбыр жауған кезде жақсы, машиналар тез былғанады. Күніне мен шамамен бес АҚШ долларын табамын», - дейді ол.

Өз жасындағы басқа да көптеген балалар секілді Агзам отбасының кедей жағдайына көмектесу үшін жұмыс істеуге мәжбүр, жұмысты ол мектептен кейін істейді. Оның әкесі құрылыста істеп аз ақша табады, ал анасы үйде кіші інісімен отыр.

Өзбекстандағы бала еңбегі проблемасы халықаралық баспасөзде белсенді түрде көтеріліп жүр, онда кәметке толмағандарды мемлекет қазынасына ақша әкелуші негізгі экс-

порт тауары – мақта өсіру мен жинауға пайдалантындығы ашылды. 2007 жылы АҚШ пен Еуропадағы ірі импортерлар өзбек мақтасын сатып алмауға шақырды, бұл Өзбекстан билігін 2008 жылы екі құжат – бала еңбегінің ең жаман түрлері мен жұмысқа қабылау барысындағы ең төменгі жас шегі Конвенцияларын қабылдауға итермеледі.

Өзбекстанның ұлбьық еңбек заңнамасы 16 жасқа дейінгі балаларға еңбекпен айналысуға тыйым салады.

Халықаралық еңбек ұйымы қолданатын стандарттар балалар жасайтын жұмыс түрлерін анықтайды. Осы стандарттарға сәйкес жеңіл жұмысты 12-13 жастағы балалар, ал одан гөрі қиынырағын 14-16 жастағы балалар істей алады, ал «қауіпті» деп танылған жұмыс түрлерін 18 жастан төменгі балаларға жасауға тыйым салынады.

### РЕСМИ БАС ТАРТУ, ЖЕКЕ МАҚҰЛДАУ

Екі конвенция ратификацияланған соң және ұлттық әрекет жоспары тұжырымдалған соң бала еңбегі практикасы жоқ деген ресми мәлімдеме таратылды. Мәлімдеме 2008 жылдың күзінде өнім жинау кезінде, көптеген куәгерлердің балалардың алқаптарда мақта теріп жүргендері жайлы айтқандарына қарамастан жарияланды. Балаларды алқапқа тарту көктемде де байқалды (Оқыңыз: Өзбекстан: мақтадағы бала еңбегін жою мүмкін бе?).

Осы мәселе бойынша қысымға тап болған өзбек билігі балалар алқаптарда жұмыс істесе, ата-анасының қалауымен жұмыс істеп отыр дейді. Өзбекстанда мақта өндірісі жоғары деңгейде ұйымдастырылған, мемлекет фермерлерге қайда және қанша



көлемде өндіру керектігін айтады, қосымша жұмыс күшін береді және өнімді нарықтық бағасынан төмен бағада сатып алады. Бұл факторлар билікті сынаушылардың көңіліне жаға бермейді. Олар білім саласындағы мемлекеттік шенеуніктердің оқушылардың алқаптарға шығуына тыйым салу былай тұрсын, тіпті қолдайды, ал мектептер мақта өндірісі бойынша өз жоспарларын белгілейді дейді.

Сонымен қатар, балалар қалаларда ересектер жұмысын істеуде. Оларды дүкендерде. Кафелерде, аяқ киім тазалап жүргендерін, базарларда жүк көтеріп жүргендігін көруге болады. Мемлекет экономикалық қызметтің осы түрін басқаруда үлкен рөлге ие емес, оны тоқтату үшін де еш нәрсе жасап отырған жоқ.

Ташкенттегі қоғамдық көлік компанияларының кадр бөлімі қызметкері балаларды автобустарға кондуктор ретінде жұмысқа алу қалыпты іс екенін айтты.

«Мұны бәрі біледі, әрине, қалай жасырасың. Балаларды рейстен тек қаржылық тексеру кезінде ғана ала тұрады», - дейді ол.

Кондуктор қызметін әдеті автобус жүргізушілерінің балалары атқарады, балаларға ересек ақысының бөлігіні ғана төленеді, ресми жолдарды айналып өтіп отбасылық жағдайға сәл де болса көмек болсын деп мен де өз баламды осындай қызметке тұрғыздым дейді қызметкер.



«Мен балаға жұмыспен айналысуға әлі ерте екенін білемін, бірақ бізде басқа жол жоқ. Күйеуім Ресейге ақша табуға кетті, соңғы екі жыл бойы бір тиында бізге салған жоқ», - дейді ол.

Ташкенттік клиникалардың бірінің медбикесі баларын жұмыс істеуге жіберудің себебі ретінде кедейлікті алға тартады.

«Біздің отбасында төрт бала бар, күйеуіміз екеуміз жұмыс істесек те, көп ақша таба алмаймыз. Үлкен 15 жастағы ұлым және 14 жастағы қызым да жұмыс істейді. Мысалы, қызым мектептен кейін ауруханада медбикелерге көмектеседі», - дейді ол.

Әлеуметтік еңбек Министрлігінің шенеунігі Гафур Өзбекстанда балалар едетте ата-аналарына үй істерінде көмектеседі дейді.

«Өзбекстанда балалар ата-аналарына ылғи да көмектескен, әсіресе қышлақтарда. Ауылдық жерлерде бұл бала құқығын бұзу болып есептелмейді, бұл қалалықтар үшін саябаққа немесе киноға барған секілді әдеттегі жайт. Балалар да бұған таң қалмайды. Бұл дәстүрлі бағыттың бір бөлігі, кей жағдайда басқа жасайтын ешнәрсе болмағандықтан да пайда болады».

### ЖАҢА ЖАЗАЛАУ ЖҮЙЕСІНЕ ДЕГЕН СЫНИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

2010 жылдың 1 ақпанынан бастап бала денсаулығына және қауіпсіздігіне зиянын тигізетін еңбегін пайдаланғаны үшін ата-аналардан алынатын 120-дан 245 АҚШ долларын дейін айыппұлды қарастыратын өзгерістер күшіне енді.

IWPR сұрастырған сарапшылар заң парламенттің төменгі палатасынан өткен жылдың қарашасында өткен соң аталған шараның тиімділігі жайлы күмән туғызды, олар назарға 2009 жылдың күзінде алқаптарда ресми тыйымға қарамастан жұмыс жасап жүрген балаларды назарға алғанды (Бұл



туралы толығырақ келесі мақаладан оқыңыз: Өзбекстан: бала еңбегін пайдаланғаны үшін билік айыппұлмен жазалайды)

«Мені не үшін айыппұлмен жазалау керек? Өз балаларымды жұмыстан қорықпай, ата-анасына көмектесуге тәрбиелегенім үшін бе? Мектептен тыс уақытта жұмыс істеуге ешқандай себеп көріп тұрған жоқпын», - дейді Ташкенттегі Ферғана базарындағы асхана иесі Кудрат Валиев. Оның 15 жастағы қызы Малика осы жерде барда жұмыс жасайды, ал тағы екі баласы көмектеседі.

Ташкенттік компаниялардың бірінде аудитор аталған шаралардың тиімділігіне күмәнмен қарайды, себебі көмелетке толмағандар ресми түрде құжаттарда тіркелмейді.

«Бірде –бір жұмыс беруші көмелетке толмаған баланы жұмысқа алмайды. Ал бірақ ол рәсімделмей, бухгалтериядан тыс ақша алып отырса, оның жұмыс істеуіне көз жұма қарайды», - дейді ол.

Ташкенттік тәйелсіз құқыққорғаушылар Бастамашыл Тобының басшысы Сукрат Икрамов жұмыс берушінің бала еңбегін пайдаланғанын мақта жинау кезінде дәлелдеу қиын дейді. «Егер мектеп жабылып, баланы күштеп алқапқа шығарса, бұл – күш көрсету. Ал егер бала өз қалауымен ата-анасының алқабында немесе дүкенінде, кафесінде жұмыс жасаса, мұны қалай түсіндіруге болады? Кім мұны бала құқығы бұзылды деп бағалайды?», - дейді ол.

## **«ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН БАЛАЛАРДЫ ЕСЕПТЕУДІҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ» ДЕЙДІ ШЕНЕУНИКТЕР**

Ташкенттік «Эзгулик» («Ізгілік») адам құқығы Қауымдастығының қызметкері Абдурахман Ташанов заңнаманың балаеңбегін жоюда іске асатынына күмәнмен қарайды.

Оның сөзіне қарағанда ауылдық жерлерде «үкіметтік органдар, прокуратура, құқықорғау органдары бала еңбегін пайдалнуға өздерінің де қатысы бар. Яғни олар өздерін-өздері жауапқа тарта алмайды».

Іс жүзінде «Өзбекстандағы бала еңбегін пайдалануға нүкте қоя алатын бірде-бір механизм жұмыс істеймеді. Бүгінгі күні мемлекеттік болсын, қоғамдық болсын ұйымдар осы мәселені шешу үшін қандай да бір әрекеттерге барар емес» дейді ол.

Өз есімін айтпауды жөн көрген еңбек және әлеуметтік қорғаныс Министрлігінің қызметкері билік бала еңбегінің ауқымы жайлы мәлімет жинамайды дейді. «Біз тіпті мектепке барудың орынан қанша бала жұмыс істейтінін де анықтамаймыз. Біздемұндай проблема жоқ па, оны көтеріп қажеті жоқ еп санайды» дейді ол.

*(Сұралғандардың есімдері қауіпсіздік мақсатында өзгертілді)*

**Орталық Азиядағы IWPR қызметкерлері**

## **Ресми органдар отбасылық күш көрсету проблемасын жоққа шығарып отыр**

***Мәдени салт-дәстүр әйелдерді сот арқылы өз құқығын қорғаудың орнына отбасындағы күш көрсетуді үнсіз мойындауға әкеліп отыр.***

«Мен ұзақ уақыт бойы бала көтере алмадым, бұл мені соққыға жығудың негізгі себебі болды. Күйеуім маған достарының күлетінін, себебі ол белсіз әйелге үйленген деп айтады», - дейді 27 жастағы Карамат Адылова.

Караматты өз еркінен тыс туысына, ішімдік ішетін адамға күйеуге берген.

«Мен бала көтеріп, босанған соң да, ол мені ұрып-соғуын тоқтатпады. Мен шыдадым, себебі менің ата-анам ажырасуға қарсы болды және егер мен күйеуімнен кетсем оларды масқаралайтынымды айтты», - дейді ол.

Басқа да әйелдер секілді Адылова не істейтінін білмейді.

«Құқықорғау органдарына бару қиын, себебі олар ер адамдарды жақтайды, ал мен милицияға арыз жазған күннің өзінде күйеуімді айыптау жақсы емес деді» дейді ол.

Ташкенттік қорғаушы Лайло Хамидова үйдегі күш көрсету және оған қарсы күреуге деген қорқыныш өмірдің дәстүрлі жағымен байланысты, онда әйелге төмен орын берілген.

Тіпті сотқа баруға шешім қабылдағандардың өзі тәуекелге баруда. «Әйелдің мұндай әрекеті бұрыс қылық ретінде қабылданып, бүкіл махалла тұрғындарының айыбына әкеледі», - дейді ол.

Махалларда әйелдерге олардың сөзін дәлелдеу мақсатында үлкен қоғамдық қысым көрсетіледі, достары, көршілері егжей-тегжейлі сұрайды, мұның бәрі әйелдің арызды қайта алуға мәжбүрлейді.

Бұқара қаласында тұратын 26 жастағы Райхон Абдуразакова төрт жыл бойы үндемей келіп, құқығын қорғауға тек кезекті күйеуінің соққысынан кейін ауруханаға түскен соң бел буған.

«Ол ойына келгенін істеді, мені және балаларды ұрып-соқты. Менің ата-анам бұл туралы айтуға тыйым салды, олар көршілер күледі деді және егер мен милицияға немесе басқа жаққа хабаласам менен бас тартатындықтарын айтты», - дейді ол.

Абдуразакова ауруханада өзіне келіп жатқанда, сол жердегі басқа бір пациент оған «Ойдын Нури» атты жергілікті ұйым жайлы айтқан, бұл ұйым үйдегі күш көрсетуден зәбір көрген жандарға



құқықтық және психологиялық көмек көрсетеді.

Осыған қарамастан ол бұл ұйымға хабарласатынын, хабарласпайтынын шешепеді.

Ташкенттік заңгер Наталья полянова әйелдер сотқа өз проблемалары бойынша сирек келетінін айтады.

«Қалыптасқан этномәдени ерекшеліктерге байланысты олар соққыға жығылады. Ал бұл ажйлы айту ұят болып саналады, қыздар зайыбының ата-анасы ғана емес, өз ата-анасының сөзінен де қорқады», - дейді ол.

1996 жылы Өзбекстан БҰҰ-ны әйелдерге қатысты шеттетудің барлық түрлерін жоюға байланысты Конвенцияны ратификациялады. Ұлттық заңнама шабуыл жасау үшін жазаны қарастырған, ал отбасылық күш көрсету ешқандай құқықтық шеңберде көрсетілмеген.

«Отбасылық күш көрсету проблемасының мойындалмауы нағыз кедергі болып отыр» дейді сарапшылар.

«Әйелдің тіс жармай, ұрып-соғуға көніп жүре беруі мемлекеттің осы проблеманы мойындамауына байланысты» дейді Хамидова.

Құқықтық тұрғыдан қарастырылмаудан бөлек көптеген өзбек саясаткерлері мұндай жағдайдың бар екенін мойындамайды.

«Әйел заты сыйланатын, оларды ана, әпке, бала ретінде қабылдайтын біздің қоғамда отбасық күш көрсету жоқ, себебі ер азаматтар оларға сыймен қарайды», - дейді IWPR-ға өзбек палламентінің төменгі палатасының вице-спикері және елдегі атақты әйел-саясаткерлердің бірі Дилорам Ташмухамедова.

«Тіпті мұндай жағдай болғанның өзінде, ол жалпы бұқаралық сипатқа ие емес, біз басқа елдердегідей жалпы халықтық сипатты көріп тұрған жоқпыз...тіпті бұлай болғанның өзінде әйел құқығын қорғайтын заң нормалары бар. Сондықтан бұл проблеманы өзбекстанға теліп қажеті жоқ», - дейді ол.

Тағы бір танымал әйел-саясаткер, ел премьер-министрінің орынбасары және Өзбекстан әйелдері Комитетінің басшысы Фарида Акбарова отбасылық

күш көрсету Өзбекстанда проблема болып саналмайды деп санайды.

Осындай жағдайларда әйелдің арыз беруге ықылас таныта қоймауы таңқаларлық емес.

«Өзбек әйелдері күйеулерінің алдында әлсіз. Олардың көпшілігі тұрақты түрде соққыға жығылу құқықбұзушылық екенін де білмейді. Олар милицияға барғысы келмегені былай тұрсын, олар осылайша өз құқықтарын қорғау керек екенігін де білмейді. Бұл өмір құқығын қорғау да болып табылады, себебі мұндай жағдайлар көп ретте өлімге де алып келіп жатады», - дейді ел солтүстігіндегі Хорезм провинциясының «Нажот» құқыққорғау ұйымының жетекшісі Хайитбой Якубов.

Якубовтың сөзіне қарағанда жыл басынан бері Хорезмдегі құқыққорғау органдары үш өз-өзіне қол жұмсау оқиғасын тіркеген. Милиция мұны отбасындағы психикалық және физикалық қысыммен байланыстырып отыр.

Жақын маңда болған оқиғалардың бірі 22 жастағы Наргиза Оллабергеновамен болды, ол осы жылдың қаңтарында асылып қалған. Осы жайтты зерттеп жүрген Якубовтың сөзіне қарағанда Оллабергенова күйеуінің тарапынан қысымға тап болған.

Ашық ақпараттың жоқтығына байланысты статистка түзу мүмкін болмаса да, Оллабергенованың жағдайы жалғыз емес секілді.

Ташкенттегі ауруханалардың бірінің дәрігерлері жақын маңда екі әйелдің қаза тапқаны жайлы айтты, олардың бірінің күйеуінің соққысынан бауыры жарылып кеткен, себебі күйеуіне тамақ ұнамаған, ал екіншісі күйеуі келтірген соққылардан қайтыс болған.

Бүгін Өзбекстанда отбасында жәбір көргендерге көмек көрсететін ҰЕҰ өте аз.

2005 жылы болған үкіметтік әскер Өндіжанда наразылыққа шыққан адамдарды қырған соң, Өзбекстанның батыспен қарым-қатынасы нашарлап кетті. Арасында әйел құқығын қорғаушы ұйымдар мен дағдарыстық орталықтар бар көптеген ҰЕҰ-дар өз қызметін қаржылық қиындыққа немесе үкімет тарапынан көрсетілген қысымға байланысты тоқтатты.

Тек кейбір жекелеген құқыққорғаушылар мен ұйымдар бейресми түрде осы бағытта жұмыс жасауда.

«Мұндай әйелдерге көмек көрсететін барлық орталықтар қысымға тап болуда. Ресми мемлекеттік құрылымдар мұндай қызметке сенбейді және біз әйелдерді күйеулеріне қарсы қоямыз деп санайды. Біз көптеген қыздардың күйеулерінің тарапынан қаза табатынын түсіндірдік, алайда бізге бұл өзбек отбасының ерекшелігі екенін, оған бөтен батыстық мәдениетті әкеліп телімеу қажеттігін айтты», - дейді Өзбекстанның Жизак облысындағы дағдарыстық орталық қызметкерлерінің бірі.

Дағдарыстық орталық қызметкері ел отбасылық күш көрсету құрбандарына арналған орталықтар жүйесін қажет етуде деп санайды.

*(Сұралғандардың есімдері қауіпсіздік мақсатында өзгертілді)*

**Бахтиер Расулов – Ташкенттегі журналистің жанама аты**



# АҚТҚ-ҒА ҚАРСЫ КҮРЕСКЕР ӨЗ ТҰЖЫРЫМДАРЫ ҮШІН ТҮРМЕДЕ ОТЫР

*АҚТҚ/ЖҚТБ профилактикасымен айналысып жүрген психологтың түрмеге түсуі жайлы ақпарат шолушылар наразылығын туғызды, олар мұны қисынсыз шешім деп атады*

24 ақпан күні бұқаралық ақпарат құралдары 28 жастағы Ташкенттік психолог Максим Попов жеті жылға бас остандығынан айрылып, жалпы тәртіптегі Навои түрмесінде жазасын өтеп жатқандығы жайлы хабарлады.

Озодлик RFR/RL өзбек қызметінің таратқан ақпаратына сәйкес Максим Попов «Изис» үкіметтік емес ұйымына жетекшілік еткен, ол наша қолданушылар мен секс-қызметкерлермен АҚТҚ/ЖҚТБ-ға қарсы күрескен, насаға тәуелділерге арнап ине алмасу бағдарламасын жүзеге асырып жатқан.

Ferghana веб-ресурсы ЮНИСЕФтің қолдауымен Максим Попов жастарға арналған әдемі кітап шығарғанын, онда превентивті шаралар, жыныстық жолмен берілетін ауруларға қарсы қалай жүресу керектігі, мүшеқап қолдану және бір реттік инелерді қолдану қажеттілігі жайлы айтылғандығы жайлы хабарлайды.

Алайда Ташкент қалалық қылмыстық істер бойынша соты Поповтің кітабын заңға қайшы, жастарды наркотикалық заттарды қолдануға тартады деп тауып, автордан кітаптың он данасын тәркілеп өзін жеті жылға соттап жіберген.

NBCA сұраған шолушылар әлеуметтік әлсіз топтарды ақпаратпен қамтамасыз етуге тырысқан адамды соттау еш ақылға сыймайды деп санайды.

«21 ғасыр АҚТҚ толқынын «өзбек ділімен қабылдау», - өз ашуын білдірді Ташкент тұрғыны, ол Поповтың түрмеге түсуі фото және кинодокументалист Умида Ахметованың үстінен

жүргізілген сот секілді дейді. (Қараңыз: Өзбекстан: Умида Ахмедова «ақылға сыйымсыз» айыптауды күтуде)

NBCA әңгімешісі билік «өзбек менталитетіен сәйкеспейді» деген сөз тіркесін пайдаланғанды ұнатады дейді және бұл сөздің астына прогресивті идеяны жүргізетін кез келген адам түсіп қалуы мүмкін.

«Максим Поповқа жүргізілген үкім өзбек сотының маужыраған кейпінің көрінісі» дейді ол.

Ташкенттік үкіметтік емес ұйым өкілі АҚТҚ/ЖҚТБ-ға қарсы ақпараттық кампаниялар Өзбекстанмен көршілес жатқан Қырғызстан мен Қазақстанда кеңінен қолданылатынын айтады, ондағы адамдар менталитеті жағынан өзбектермен өте ұқсас дейді. Алайда олар қысымға ұшырамайды.

«Көрші елдерде заманауи қоғамда иммунтапшылығы вирусына қатысты қауіпсіздік туралы білмеу қауіпті екенін түсінеді», - дейді ҰЕҰ қызметкері.

Мемлекеттік клиниканың атын атамауды жөн көрген сексопотолог-дәрігері профилактикалық кітап авторын түрмеге жабу билікке неге қажет болғандығын түсінбейді. Медик мұндай басылымды хош көреді, себебі онда көптеген жақсы кеңестер бар.

«Адамдарға көмектескісі келген жанды соттау ақылға сыймайды. Қазір жастар арасында АҚТҚ кең таралған, жастарда гигиена мәдениеті жоқ, олар бұл ауру жайлы білмейді, ал мектептерде осы тақырыпты көтеруге болатын ашық сабақтар жоқ», - дейді дәрігер.

Тіркелмеген Ташкенттік Өзбекстанның Құқыққорғау Альянсы өкілі Елена Урлаева азаматтық белсендінің түрмеге түсуі адам құқығы мен еркіндігінің анық түрде бұзылуы дейді.

Біріншіден, бұл жасырын түрде, жабық сот жағдайында өткен, ол өткен жылдың күзінде шешім қабылдап қойған, бұл тек қазір мәлім болып отыр. Екіншіден, сотталушы үкімге шағымдану мүмкіндігінен айрылған.

«Адам проблема жайлы айтқан, оған қарсы күрескен, ал Өзбекстан билігі мұны жақсы көрмейді және барлығын үндемеуге кеңес береді», - дейді Урлаева.



## КОММЕНТАРИЙЛЕР:

### **БҰҰ-ның адам құқықтары бойынша Комитетінің Өзбекстандағы жағдайды өзгертуге шақыруы шөл даладағы адамның шыққан жан даусына ұқсайды**

*Наурыз айында БҰҰ-ның адам құқықтары бойынша Комитеті Өзбекстандағы жағдайды азамат-тық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактінің аясында орындалуын қарастырды. Отырсы нәтижесінде беделді халықаралық Human Rights Watch ұйымы «жарылыс» деп атаған қорытынды жарияланды.*

БҰҰ Комитетінің қарарында [<http://www2.ohchr.org/english/bodies/hrc/hrcs98.htm>] Өзбекстандағы азаптауды қолдану жағдайының жалғасуына, баспасөз еркіндігі, қозғаыс еркіндігі, дін еркіндігі, құқыққорғаушылардың қысымға тап болуы, елдегі қалыптасқан бала еңбегін күштеп пайдалануға байланысты алаңдаушылық білдірілген. Сонымен қатар Комитет Әндіжан оқиғаларын толық тәуелсіз зерттеудің мүмкін еместігінің жоқтығына өкініш білдірген.

Өзбек билігі адам құқығының қоғамдағы үлкен проблема екендігін ешқашан мойындаған жоқ және БҰҰ халықаралық құжаттарын орындауды да маңызды іс ретінде қабылдаған емес. Билік тәуелсіздік алғалы бері [1991 жылдан бері] адам құқығына байланысты 60-тан астам құжатқа қол қойылғандығы жайлы мақтана айтады. 1995 жылы Өзбекстан БҰҰ-ның алты негізгі құқыққорғау құжатына қол қойды. Алайда қабыданған құжаттар мен пактілерден қандай да бір пайда аңғарылар емес. Азапатуды қолдануға қарсы Конвенция Райхон Соатованы зорлаған милиционерлер тобына ештеңе де білдірмейді.

Өткен жылдың мамырында бір топ милиционерлермен зорланған Райхон Соатованың ісі биліктің азаптау проблемасына деген көзқарасын білдіреді. Осы жылдың қаңтарында түрмеде отырған Райхон дүниеге бала әкелді, оның әкесі зорлағандардың бірі болған. Құқыққорғаушылардың үлкен іс-әрекеті мен БҰҰ-ның азаптауға қатысты арнайы баяндамашысы Манфред Новактің мәлімдемесінің арқасында ғана өзбек прокуратурасы зорлау бойынша қылмыстық іс қозғады.

БҰҰ-ның сегіз арнайы тақырыптық баяндамашысы Өзбекстаннан шақыру күтіп отыр. 2001 жылдан бастап құқыққорғаушылар жағдайы бойынша баяндамашы, 2004 жылдан бері діни бостандық жайлы баяндамашы, 2005 жылдан бері сотан тыс және еркін өлім жазасы бойынша баяндамашы, 2006 жылдан бастап азаптау бойынша баяндамашы, 2007 жылдан бастап құлдықтың заманауи түрлері мен әйелдерге қатысты күш көрсетуге қарсы баяндамашы, 2008 жылдан бастап заңсыз тұтқынға алу мен сот және адвокат еркіндігі жайлы баяндамашылар шақыру күтіп отыр.

Алайда, шақырулар ешқашан болмайтын секілді.

2002 жылы билік БҰҰ-ның азаптау бойынша арнайы баяндамашысы Тео Ван Бовенді шақырды, оның азаптаудың жүйелі түрде қолданылуы жайлы қорытындысы арада сегіз жыл өтсе де өзекті болып отыр. БҰҰ-ның Комитеті Өзбекстан басшылығын бірнеше рет ел алдында азаптауды айыптауға шақырғанды, алайда халық алдында азапатудың қара іс екенін айту әлі де болса орындалмай келе жатыр.

Қазіргі билік кез келген тәуелсіз зерттеуден, биліктен тәуелсіз үкіметтік емес ұйымдардан өте қорқады, талапкер құқыққорғаушыларды қудалайды, Кәрімовтің портретін мешіктте көргісі келмейтін тәуелсіз мұсылмандарды түрмеге жібереді. Егер билік проблеманың бар екенін мойындағысы келмесе, онда оны шеше алатыны да күмән туғызады.

Осындай жағдайда БҰҰ Комитетінің жағдайды өзгертуге шақыруы шөл даладағы адамның шыққан жан даусына ұқсайды. Өзбекстанның Нью-Йоркке келген Үкіметтік делегациясы Комитет мүшелерімен пікірталас бары-

сында күн жоспарында тұрған көптеген маңызды жолдар бойынша ешқандай өзгеріс болмайтынын жеткізді.

Әндіжан оқиғалары қазіргі режимнің ең бір әлсіз тұстарының бірі, яғни билік 2005 жылы болған оқиғаларға тәуелсіз зерттеу жүргізеду деу аңғалдық болар еді. Бес жыл ішінде билік сол кездегі оқиғалар жайлы өз нұсқалары бойынша қайта жазып шықты.

БҰҰ Комитеті Әндіжан оқиғаларының құрбандарына жәрдемақы төлеуге шақыруда, алайда жақында болған Әндіжандық босқын Дилора Абдукодированың тұтқындалуы елде «көтерілісшілерді» жәрдемақы емес жазалау күтіп тұрғандығына мысал бола алады.

Осыған қарамастан, БҰҰ-ның Комитеті қарары халықаралық шолушылар Өзбекстандағы адам құқығына байланысты шынайы жағдай туралы алдамайтынын көрсетеді.

Өкінішке орай, БҰҰ-да диктаторларға қысым жасаудың басқа жолы жоқ, ол тек қоғамға жар сала алады, сондықтан ЕуроОдақ пен АҚШ тарапынан қысым көрсету жағдайды өзгертуге әсер етуі мүмкін.

Бізге құқыққорғаушыларға жұмысымызды жалғатыру керек – адам құқығы жайлы тұрақты түрде жариялап отыру керек. Біз Өзбекстанның залықаралық әріптестері өзбек режимімен байланыста адам құқығын қадағалау тақырыбын көтеріп отыруын талап етуіміз керек, біз кез келген гуманитарлық немесе техникалық көмек шын мәнінде жүзеге асуына қол жеткізуіміз қажет. Мысалы, жағдайдың өзгеруінің индикаторларының бірі болып өзбек түрмесінде отырған 14 құқыққорғаушының босауы мүмкін. Өзбекстан Бирма, солтүстік Корея секілді 10 ең репрессивті деген елдердің қатарына кіргендіктен демократиялық мемлекеттердің қазіргі режимге деген көзқарасы да сәйкес болуы керек.

**Умида Ниязова,**  
**адам құқықтары бойынша**  
**Өзбек-неміс форумының**  
**жетекшісі және Берлинде**  
**орналасқан НВСА сарапшысы**





## Заңдардың адамшылығы тең дәрежеде болуы тиіс

*Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын либералдау процесі шын мәнінде тәуелсіз адвокатура институттың қалыптасуымен және соттардағы және басқа да тұтқынға алу кезеңдеріндегі қорғаушы құзырының кеңеюімен қатар жүруі тиі*

1 Наурыз күні Мемлекеттік қауіпсіздік кеңесінде Гурбангулы Бердымухамедов қылмыстық-қылмыстық іс жүргізу заңнамасын либералдау процесі жүргізілетіндігін айтты.

Жекелеп алғанда, тұтқындау орынындағы сотталғандар жағдайына қоғамдық бақылау орнату процедура-сын енгізу, оларды еңбек тәрбиесіне тарту. Парламент құруы тиіс жаңа Қылмыстық кодексте ауыр қылмыстарға белгіленген жазалау мерзімдері 25 жылдан 15 жылға азайтылады, ақшалай айыппұл ретіндегі жазалау да қарастырылған.

Түркімен көшбасшысы басқа да шара ретінде адвокатура рөлінің күшейгенін айтып өтті.

Президент ұсынған қылмыстық және іс жүргізу процестеріне деген өзгерістер баяғыда-ақ пісіп-жетілгенді. Түркімендік қылмыстық жазалау жүйесі ескірді және жаңартуды талап етеді. Көршілес ортаазиялық мемлекеттер баяғыда осы жолмен кеткен, олар ауыр қылмысқа берілетін жазаны жеңілдетіп, жеңіл қылмыстар үшін жаза енгізді, бейбіт келісімге келу институтын заңдастырды. Ал Түркіменстанда әлі күнге тауық ұрлаған үшін бес жылға түрмеге отыруға болады. Халықаралық заңнамалық парктикада мұндай қылмыс үшін әдетте үлкен көлемдегі айыппұл қарастырылған.

Ауырлататын себептері жоқ бұзақылық үшін берілетін үш жылдан бес жылға дейін бас бостандығынан айыруды қарастыратын баптарда либералдауға мұқтаж. Бұл экономикалық қылмыстың барлық түрлеріне қатысты.

Мысалы, ауылды жинау маусымы кезінде анықтама арқылы ұрлық жасау [алаяқтық] үшін ең үлкен жаза түрі – бес жылға дейін бас бостандығынан айыру беріледі. Бұл норманы шартты түрдегі жазаға немесе айыппұлға ауыстыру қажет.

Жаңа заң қылмыстың басқа да кейбір түрлеріне, егер ол алғаш рет жасалып отырса, жеңіл жаза түрлерін тағайындау қажет.

Әлемдік қылмыстық-іс жүргізу практикасында мұндай нормаларға ұрлық пен тонау; жасы кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар [аса ауыр қылмыстар кірмейді яғни кісі өлтіру, қарақшылық шабуылдар, зорлау], экономикалық қылмыстар, мемлекеттік шекараны заңсыз түрде басып өту, билік өкілін қорлау, әскери борышты өтеуден жалтару жатады. Алайда түркімен заңнамасы бойынша осы қылмыстар үшін азаматтар екі жылдан жеті жылға дейін бас бостандығынан айырылады, ал өмір тәжірибесі соттың жазаның ең үлкен түрін қолданатынын көрсетеді.

Сыншылар түркімен қылмыстық заңнамасында жұмсақ нормалардың бар екенін айтуы мүмкін, мысалы, үкімді кейінге қалдыру, ол Қылмыстық кодекстің 78 бабына сәйкес жүкті әйелдерге және жас балалары бар әйелдерге қатысты қолданылады. Сонымен қатар шартты түрде соттайтын 68 бап бар. Алайда, екіншіше орай біздің Ассоциация жүргізген үкімдер мониторингі 1996 жылдан бастап аталған баптардың бірде-бірінің қолданылмағанын көрсетеді.

Ең маңыздысы адвокатура институтын реформалау болып көрінеді. Себебі қорғаушыларға қажетті құзыр беру қажет, тергеуге алынғандарды тұтқындаудың барлық кезеңінде заңды қорғаныспен қамтамасыз ету керек.

Ол үшін ең әуелі «Адвокатура мен адвокат қызметі жайлы» жаңа Заң қабылдап, 1970 жылғы Түркіменстанда әлі күнге қолданылатын кеңестік нұсқасын жеңілдету керек.

Осы заңға сәйкес ел адвокаттары шын мәніндегі құқыққа ие емес. Олар басқа елдерде кеңінен қолданылатын тұтқынға алынғанға ресми түрде айып тағылғанға дейін қол жеткізе алмайды. Тұтқынға алынған адамның он тәулікке дейін ресми құжат толтырылмай тұтқында отырғандығына байланысты жағдайлар белгілі. Мұндай ұсталған жандарға қарсы физикалық және психологиялық қысым мойындалу мақсатында қолданылады. Егер нәтиже қол жеткізілмесе «күдікті» он бес тәулікке «бұзақылығы» немесе «құқыққорғау органдарының өкілдеріне қарсылық танытқаны» үшін жабылады. Осы уақыттың бәрінде күдікті мемлекеттік жазалаушы машинмен бетпе-бет қалады.

Екіншіден, адвокаттарға айыптаушы жақ секілді құзыр керек. Түркімендік сот жүйесінің проблемасы сол, 1995 жылдан бастап бірде-бір ақтау үкімі шыққан емес. Сот тек айыпталушының кінәсін дәлелдеу мақсатында әрекет жасап, адвокат қтінішіне құлақ аспайды.

Үшіншіден, адвокат өз зерттеуін жүргізу құқығына ие болуы тиіс, бұл





барлық демократиялық елдерде бар. Соынмен қатар, «қорғаушы куәгері» деген түсінікті де бекіту керек.

Тергеу органдары алдын-ала тергеу процестері кезінде күдіктінің кінәлі екендігін көрсететін дәлел іздейді, ал адвокат қол астындағы жанның кінәсіз екендігін дәлілдейтін фактілер іздеуі қажет, ол күдіктімен кездесіп, әңгімелесуі тиіс.

Өзірге іс жүзінде бәрі басқаша. Егер адвокат сот процесіне дейін кездескені және куәгермен әңгімелескені анықталса, оны сотқа қатысу мүмкіндігінен айырады.

**Тимур Мисриханов,**  
**Түркіменстан тәуелсіз адвокаттар Ассоциациясының жетекшісі және Нидерландыда орналасқан NBCA сарапшысы**

## Комментарийлер: Жұмыссыздарды елемей, билік олардың құқығын бұзып отыр

**Түркіменстанда ресми түрде статус алыпәлеуметтік жәрдемақы алуға заңнамалық негіз бола тұра, жергілікті жұмыссыздар мұндайға ие емес, себебі елде жұмыссыздық мойындалмайды және жұмыспен қамту қорларын қаржыландыру механизмдері жоқ**

Нарықтық қайта қалыптасу жайлы мәлімдеген түркімен билігі экономиканың құрылымдық қайта тұрылуын нақты түсінуі қажет. Ол еңбектік қатынаста

пайда болған жаңа формаларға байланысты жұмыссыздар санының күрт өсуіне алып келуі мүмкін. Бұл өндірістердің жекешелену формаларының модернизациялануы, штаттың қайта құрылуы және жұмысшыларды жұмыстан кетіруге мәжбүр етуге байланысты.

Жариялауға тыйым салынатын ресми мәліметтер бойынша Түркіменстанның жұмысқа қабілеті бар халқының шамамен бес пайызы тұрақты жұмысқа ие емес. Алайда тәуелсіз сараптама елдегі жұмыссыздар саны аталған көрсеткіштен бір жарым-екі есе көп екендігін және шамамен 240 мың адамды құрауы мүмкін екендігін айтады.

Қазіргі күні жұмыс іздеуде қысқарған штат қызметкерлері, жоғарғы оқу орындарының бітірушілері, түрлі себептерге байланысты орын ауыстырғысы келген мамандар, армиядан келгендер жүр. Бақылау мұндай адамдар тұрақты табыстың жоқтығына байланысты өте төмен өмір сүру деңгейіне ие екенін және ақша төлеу керек медициналық қызмет түрлеріне ие емес екенін көрсетеді.

Алайда олардың бірде-бірі ресми түрде жұмыссыз болып табылмайды және басқа елдерде қабылданған секілді көмек болатыны әлеуметтік жәрдемақы алмайды.

Бір қарағанда, түркімен жұмыссыздарының мұндай жағдайы түсінбеушілік туғызады, себебі 1991 жылы қабылданған «Халықты жұмыспен қамту» туралы заң және еңбек биржасы туралы заң актілері жұмыссыз деңгейін анықтайтын және оларға әлеуметтік көмек көрсетуді қарастыратын халықаралық стандарттарға ие.

Заңмен жұмыссыздарға деген жәрдемақыны қолдауға керек қаржы көзі ретінде өндіріс орындарынан, мекемелерден, барлық жеке меншік түріндегі ұйымдардан алынатын еңбек ақысының екі пайызын құрайтын міндетті салым қарастырылған. Алайда шын мәнінде заң жұмыс істемейді, себебі ол жүзеге асырылудың нақты механизмдерімен бекітілмеген.

Біріншіден, әлі күнге «Халықты еңбекпен қамту» туралы заңмен жұмыспен қамту қорына ақша аударуға мекемені міндеттейтін салық заңнамасы сәйкестендірілмеген.

Осының кесірінен жұмыссыз статусы жұмыс іздеуші деген статустық жәрдемақы төлемінсіз ауыстыра салынады.

Екіншіден, көп жыл бойы жұмыспен қамту қызметі оларға хабаоласқан адамдарды ыркеумен айналыспаған, бұл жұмыссыздарға заң бойынша берілуі тиіс жәрдемақыны беруде кедергі болып отыр.

Кейінірек жұмыспен қамту орталығы жойылып, олардың орнына еңбек биржалары келді, олар да ұқсас міндеттерге ие болды және статистика органына жұмыс сұрап келгендердің санын беріп отырумен айналысты, алайда жұмыссыздардың жағдайы өзгерген жоқ, олар әлі күнге статустық ие емес және жәрдемақы ала алмауда.

Жақында президент Гурбангулы Бердымухаммедов елдің жаңа эконмикалық стратегиясын және халықаралық шарушылыққа деген интеграция жайлы жариялады, онда негізгі назар адам ресурсына ауған. Алайда мұндай үлкен көлемдегі іс-әрекетке бірқатар теріс дүниелер ықпал етуі мүмкін екендігін есте тұтқан жөн, олар – жұмыс орындарының азаюы мен жұмыссыздардың көбеюі, бұл нарықтық реформалар нәтижесі болып табылад. Билік еңбек ресурстарын қолға алып, жұмыс күшіне деген экономикалық қажеттілікті есептеп, жұмыссыздарды қолдайтын арнайы қорларды қаржыландыру механизмдерін реттеуі тиіс.

Ол үшін халықты жұмыспен қамту мәселесі бойынша бірыңғай институционалды кеңес құрып, жұмыс іздеудегі азаматтар алуға толық құқығы бар қаржыға қол жеткізуі үшін заңнамалық базаны жетілдіру керек.

**Аксолтан Аннагурбанова,**  
**Ашхабадтағы экономикалық сарапшының жанама аты**



## **Institute for war & peace reporting**

48 Gray's Inn Road  
London, WC1X 8LT, UK  
Tel: (44 20) 7831 1030  
Fax: (44 20) 7831 1050  
Web: [www.iwpr.net](http://www.iwpr.net)  
E-mail: [info@iwpr.net](mailto:info@iwpr.net)

---



### **Қырғыз Республикасындағы IWPR Өкілдігі**

Қырғыз Республикасы,  
Бішкек қ., 720017  
Тоголок Молдо к-сі, 18-2  
Тел.: + 996 312 66 44 53, 61 38 70  
Факс: + 996 312 61 38 70  
E-mail: [iwpr.kyrgyz@iwpr.net](mailto:iwpr.kyrgyz@iwpr.net)

---



### **Қазақстан Республикасындағы IWPR Өкілдігі**

Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ., 050000  
Қазыбек би к-сі 50  
2 қабат, 84 кеңсе  
Тел.: +7 727 272 59 03, 272 64 21, 272 68 90  
E-mail: [iwpr.kazakhstan@iwpr.net](mailto:iwpr.kazakhstan@iwpr.net)

---



### **Тәжікстан Республикасындағы IWPR Өкілдігі**

Тәжікстан Республикасы  
Душанбе қ., 734003  
Рудаки д-лы, «Точикматлубот» 137, 6 қабат  
Тел.: + 992 372 24 70 26  
Тел./Факс: + 992 372 24 70 51  
E-mail: [iwpr.tajikistan@iwpr.net](mailto:iwpr.tajikistan@iwpr.net)

---

IWPR осы жарияланымның мазмұнына толықтай жауап береді, жарияланымның Еуро Одақ мемлекеттерінің көзқарасын білдіруі міндетті емес.